ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫ

Б. И. НҰРБОСЫНОВ
Р.Ғ. ЕРЕЖЕПОВА

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ»

пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау

Мамандығы: 050202 – Халықаралық қатынастар

Ақтау - 2010

ӘОЖ 327(076)

Құрастырушы: «Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы Нұрбосынов Бекболат Иванұлы, Ережепова Римма Ғизатоллақызы. «Халықаралық қатынастар» - 050202 мамандығының студенттері үшін «Қазіргі кездегі қақтығыстар және реттеу» пәнінен оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2010. 39 бет.

РЕЦЕНЗЕНТ: т.ғ.к., доцент Кузутбаева Б.Қ.

Бұл оқу әдістемелік нұсқау қақтығыстардың пайда болу, даму, оны реттеу үшін қолданылатын әртүрлі әдістерді меңгеру және игеру, оны іс жүзінде қолдана білу қабілетін арттыру барысында қолданылатын көмекші құрал ретінде жазылды. Берілген әдістемелік нұсқауда қақтығыс түсінігінен бастап, оның дамып, бірнеше түрге айналуынан, қызметі, әдістері мен әдіснамасы, оның динамикасынан, реттелу мәселелерінің алуан түрлілігі толық қамтылған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТиИУ, 2010

Мазмұны

Кіріспе.....4
І. Қақтығыстану негіздерінің қалыптасуы.....5
1.1. Қақтығыс түсінігі және типологиясы.....8
1.2.Қақтығыстардың пайда болу мәселесі.....15
ІІ. Қақтығыстарды реттеудің әдістері.....20
1. Қақтығыстарды бақылау және басқарудың мәні. 20
2. Қақтығыстарды шешудің кезеңдері. 21
3. Келіссөздер – қақтығыстарды шешудің әмбебап түрі. 22
4. Қақтығыстарды шешу әрекеттері және оны реттеудің жолдарын іздестіру..22
5. Қақтығыстарды шешу теориясындағы «стратегия» түсінігі.....23
6. Қақтығыстарды реттеудегі «үшінші жақ». 23
7. Қақтығыстық жағдайдан шығудың мүмкін жолдары. Маңызды түсініктер мен терминдердің сөздігі.....24
Әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Қақтығыстар адамның табиғатымен және ұйымдардың қызметінің спецификасына байланысты. Қақтығыстардың әртүрлілігі мемлекет пен кез-келген қоғамның саяси және экономикалық қызметі мен құрылымына өзінің орны толмас зиянын әкеліп қана қоймай, бірқатар ресурстарды (табиғи, адами, т.б.)жоғалтуына әкіліп соғады. Сондықтан қақтығыстардың алдын алу және басқару шараларының классикалық және қазіргі жетістіктерін пайдалана отырып, қақтығыстық сипатын төмендету қажет.

Бағзы замандардан бері адамдар әртүрлі келіспеушіліктер қырқыстары жоқ бейбіт қоғам туралы арман етті. Бірақ, қанша бас тартқанымен олар үнемі бір-біріне қарсы шығып, соғыс жағдайында болды. Адамзаттың тарихи жадысында көөне иудейлік патша Соломон сияқты күрмеуі шешілмейтін кикілжіңді мәселелерді шешу шеберліктері бар, дана патшалар мен тұлғалардың есімдері қалды. Қазақстан ғасырлар бойы көрші елдермен соғыспай бейбіт жолмен әртүрлі кикілжіңдерді шешуге тырысып келді. Ол тек қана өзіне ғана төнген қауіпті еңсеру үшін, мысалы, Жоңғар хандығының қарулы басқыншылығынан қорғану үшін күресіп келді. Қазақстандықтар азамат соғысы мен Отан соғысы кезінде де әскери қимылдарға қатысты. Әскери және соғыс жағдайында да заңдар мен дәстүрлер сақталынып келді.

Қазақ қоғамында делдалдар мен арадағы түйінді шешіп, татуластырушының рөлі ақсақалдар мен үлкендерге, құрметті адамдардың үлесіне тиіп отыратын. Бұл жағдайда олардың беделі өте жоғары еді. Олардың бір ғана сөзі кикілжіңдер мен қақтығыстардың күрмеуін шешетін. Көшпелі қазақтар қоғамына тәне қасиет – ол қақтығыстық жағдайларды үйреншікті құқық жне мораль арқылы шешу болды.
Қазіргі халықаралық қатынастар әртүрлі типтегі: территориялық., аймақтық, саяси, этникааралық, т.б. да қақтығыстардың шешілмеуімен сипатталады.

Бүгінде қақтығыстар адамзат соқтығысып және БҰҰ, НАТО сияқты ықпалды ұйымдардың күші келе бермейтін үлкен мәселенің бірі.

Қазіргі таңдағы қатығыстарды шешу мен алдын алудың шаралары нақты, әділ принциптермен жүзеге асқаны жөн:
- екі жақтың көзқарастары мен құқықтарын есепке ала отырып;
- қарым-қатынастардың сенім мен теңдікті негізге ала отырып;
- әрбір жақтың елдің ішіндегі және елден тыс позициясын бекіту;
- қауіпсіздіктің өзара кепілділігі;
- экономикалық шеңбердегі әріптестік;
- ұлттық құқықтар мен егеменділіктің мойындалуы;

Осылайша, кез-келген қақтығысты реттеу өте күрделі және ұзақ прцесс болып табылады. Оның жетістікке жетуі сыртқы және ішкі, субъективті және объективті, алғышарттар сияқты факторлардың жағымды түрде үйлесім табуына байланысты болады.

Тақырып №1. І. Қақтығыстану негіздерінің қалыптасуы.

Семинар № 1. Қақтығыс түсінігі туралы білім.

1. Қақтығыстар туралы білімнің жинақталуы.
2. Қақтығыстанудың ғылым ретінде қалыптасуы.
3. Қақтығыстанудың әдістері мен әдіснамасы.

Мақсаты: білімнің әр саласы бойынша зерттеу жүргізіп, қақтығыстанудың ғылым ретінде қалыптасуын, оның мифология, дін, әдебиет, философия сияқты қайнар көздерден туындауын, қақтығыстанудың бөлек ғылым ретінде қалыптасып, бөлінуінің күрделі процесін белгілеу.

1. Қақтығыстар әлеуметтік байланыстар болған жерде бірге жүретін, адамдардың араласуы мен қарым-қатынастынан туындайтын, ертеден бері адамзаттың түсіне алмай келе жатқан қоғамдық құбылысы. Оған дәлел-әртүрлі халықтардың мифологиясы мен діні, көне әдебиеттердің фольклоры мен ескерткіштері, ежелгі және ортағасырлық ойшылдардың ойлары, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың жетістіктері.

Қақтығыстарды түсіну үшін адам мен қоғамның байланысын түсіндіру ертеден –ақ қолға алынған. Себебі, қақтығыстанудың тамыры ертеден, әлеуметтік философияның қайнар көздерінен бастау алады.

Конфуций- Қытайдың белгілі данасы б.д. УІ ғасырда өзінің шығармаларында зұлымдық пен шыдамсыздықты тудыратын, біріншіден ол адамдардың әртүрлі болуы мен теңсіздігі дейді.

Гераклиттің қақтығыстар туралы идеяларын ежелгі философ-материалистер құптаған.

Мысалы, Эпикур ауыр салдары мен зияны бар қақтығыстар адамдарды бейбіт өмір сүруге, келісім жасасуға алып келеді деп ойлады.

Қақтығыстарға сондай-ақ, У-ІУ ғ.ғ. өмір сүрген Платон және Аристотель сияқты ғұламалар көп көңіл бөлді. Олардың пайымдауынша: адам - табиғи жағынан қоғамдық;

Томас Мор, Эразм Роттердамский, Френсис Бекон және басқа да гуманисттар ортағасырлық тәртіпсіздіктер мен қантөгістерге, әлеуметтік қайшылықтарға сын айтқан ойшылдар болды. Олар қоғамды оң өзгерістерге бастайтын бейбіт өмір мен адамдар арасындағы достыққа шақырды.

Қақтығыстарды эмпирикалық түсіну ұзақ уақытқа созылды. ХІХ ғасырда ғана оған ғылыми жағынан қарауға жол ашылды. Сол уақыттан бастап-ақ, қақтығыстар әлеуметтік зерттеулер үшін қозғала бастады. Ерекше зерттеуге жататын қақтығыстанудың қалыптасуы тарих, әлеуметтану, құқық, психология және басқа да әлеуметтік ғылымдардың дамуымен бірге жүрді.

Бастапқыда, қақтығысты жағдайларды, жаратылыс құбылыстарын түсіндіру үшін түсініктер қолданыла бастады. Көбінесе, адамдардың психологиялық қасиеттері мен ерекше белгілеріне қарай көңіл бөлінді.

2. Қақтығыстанудың негізі әлеуметтану қайраткерлері О.Конттың, Г.Спенсердің, К.Маркстың ойларымен қаланды. Бір жағынан олардың еңбектері қақтығыстанудың жалпы теоретикалық базасы болса, екінші жағынан - әлеуметтік қақтығыстарды сараптау, бағалау, реттеу мен шешу жолдарын өңдеуге арналған методологиялық жетекші болып табылды.

XIX-XX ғасырлар арасында әлеуметтану қоғамдық дамудың қозғаушы күшінің заңдылықтары туралы ғылым болды. Әлеуметтанудағы әртүрлі бағыттардың өкілдері қақтығыстардың қоғамдағы маңыздылығын мойындаса да, түрлі ойшылдар қақтығыстарды мұқият зерттеуді талап етті.

Э.Дюркгейм адамдардың қоғамда бірігуін жеке және топтық жауласуға емес, олардың бірін-бірі қажетсінуінде деп түсіндіреді. Оның 1893 жылы жарық көрген «Қоғамдық еңбек бөлінісі» еңбегінде қақтығыс-әлеуметтік өмірдің әмбебап құбылысы, егер, қақтығыс тиімді және бейбіт түрде шешілсе, екі жақты рөлге ие-әлеуметтік проблемалардың белгісі және әлеуметтік теңдікті қалыптасырудың көзі ретінде болдады.

Макс Вебер үшін әлеуметтік іс-әрекеттің субьектісі бүтіндей қоғам емес, әлекметті статусы анықталған индивид жатады. Оның ойынша, қоғам, әлеуметтік өнім болып табылатын адамдардың өзара іс-әрекеті, ол статусы бар топтардың теріс және оң іс-әрекет жасайтын адамдардың аренасы. Олар қоғамда өздерінің материалдық және идеялық көзқарастарын қақтығыс жағдайында сақтап, одан әрі күшейтуге, экономикалық позицияларын бекітуге мүдделі.

Георг Зиммель қақтығыстың теориясымен тек қана оның әлеуметтік мағынасына емес, оның оң жақ құдылықтарын да бағалай отырып, жасады. Ол адамдардың әртүрлі тарихи жағдайларда болатын өзгерістерде өмір сүретін адамдардың іс-әрекетінің формаларын түсіндіретін формальды әлеуметтанудың негізін қалаушы болып табылды. Зиммельдің өзі ғылыми айналымға «қақтығыс әлеуметтану» деп аталатын терминді енгізді.

Швейцриялық психиатр және әлеуметтанушы Юнгтың ойынша адамның тәртібі мен мінез-құлқын адамның энергиясы анықтайды.

XX ғасырда ғалымдар мен соның ішінде әлеуметтанушылар мен психологтардың қақтығыстарды зерттеуге ықыласы одан әрі арта түсті. Қақтығыс әлеуметтік үйреншікті құбылыс болып қала берді. Биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және басқа да факторлардың қақтығыстарға бірден бір әсер ететін фактор екендігі мойындалды.

Сондай-ақ, қақтығыстардың адамдар мен топтар расындағы қақтығыстарды шешудегі, әлеуметтік толптар мен қоғамдық күштердің арақатынасын тең қылатындай дағымсыз жақтары да анықталды.

3.Қақтығыстанудың әдіснамалық негізіне философиялық, саяси, және әлеуметтік өзгешелігі айтарлықтай байқалады. Қақтығыстанудың обьективті және субьективиті түсіндірмесі біріншіден қақтығыстарды қоғамдық құбылыс ретінде қарастырса, екіншіден, қақтығыстарды қарама қарсы субьектілері бар құбылыс ретінде талқылайды. Қақтығыстарды екі тұрғыдан, біріншісі-құрылымдық-функционалды, екіншіден, қақтығыстардың парадигмалары арқылы қарастырып, зерттейді. Екеуі де бір біріне қарама қарсы болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ежелгі әлем ойшылдары қақтығыстарды қалай түсіндірді (Лао-цзы, Гераклит және т.б.)? Көне және қазіргі философияда қақтығыстар мен күрестердің мәселесінің арақатынасы қалай түсіндіріледі?

2. Ортағасырлық философиясында қатығыстар қалай түсіндіріледі?

Дәстүрдің мәні неде және оны қазіргі философия қалай шешеді?

3.Жаңа дәуір ойшылдары ұсынған қақтығыстардың екі тұжырымдамасын сипаттаңыз: 1) пессимистік (Т. Гоббс және т.б.) және 2) оптимистическую (Ж.-Ж. Руссо және т.б)
4. Марксистік философияда қақтығыстар мәселесі қалай шешілді?
5. М. Вебер және и Г. Зиммель қақтығыстанулық ғылымының дамуына қандай үлес қосты?
6. Қақтығыстар қандай тұрғылардан қарастырылады?

Тапсырма №1. Жаңа Заман философиясындағы қақтығыстардың екі тұжырымдамасы.

Төмендегі мағынасы жағынан қарама-қарсы-әлеуметтік қақтығыстардың табиғаты туралы екі тұжырым Жаңа Заманның қай ойшылына тиесілі:

А

- Адамның табиғатында соғыстың үш негізгі себебі бар: бәсекелестік, сенімсіздік, атаққұмарлық..
- Табиғи жағдайда әркімнің бәріне құқығы бар.
- Адамдардың оларды қорқынышта ұстайтын бір орталықсыз билігіндегі жағдайы соғыс деп аталатын барлық нәрсеге қарсылық жағдайында өмір кешеді.

Б

- Ертеде адамдар өз жеріндегі лашықтарында тұрған кезде, олар аңдардың терісінен балықтың немесе ағаш жөкелерімен киімдерін тіккенде, өздерін құс қауырсындарымен, теңіз бақалшақтарымен әшекейлегенде, өз денелерін әртүрлі түске бояғанда, садақтары мен қаруларын жетіліре түскенде, өткір тастармен балық аулауға қайықтарды ойғанда және музыкалық аспаптар жасағанда, бір сөзбен айтқанда еңбек етіп жүргенде, бір біріне тәуелсіз өмір сүріп, еркін, бақытты өмір сүріп жатқанға қанағатты болатын.
- Теңдіктің жоғалуы өзінің артынан сұмдық жағдайларды әкелді; байлардың әділетсіз соғыстары, кедейлерді басып –жаншу, әділдіктің әлсіз дауысы адамдарды сараң, атаққұмар, және де жауыздыққа айналдырды. Үнемі күштінің бірінші болуы үшін тайталас басталып, оның арты соғыстар емн өлімге әкеліп отырды. Жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғам сұмдық соғыс жағдайына тап болды: адамзат тегі өзі жасаған құндылықтар үшін күресте өзін өзі батырып тынды және шегінерге жол болмады. Ол өзін масқара қылды және өзін құруға әкелді.

Жоғарыдағы екі тұжырымның қайсысы көңілге қонымды және оны дәлелдеңіз!

Тапсырма №2. Қақтығыстардың алғышарттары туралы қазіргі психология.

Бірқатар психологтар адам психологиясының типтерін төмендегідей түрде жіктейді:

Әрбір адам үш типке бөлінетін эго жағдайында болады:

Ата-анадан берілетін эго жағдайы: белгілі бір заңдылықтар, тәртіптер, мінез-құлықтар, сезімдер адамдардың реакциясын күшейтеді.

Ересектің эго жағдайы: тәуелсіз, ақпарат жинап, сараптап, оны іс-әрекетке айналдырады.

Баланың эго жағдайы: индивидтің балалық шақтан қалған іс-әрекеті мен психикалық жағдайы, ол адамның дамуындағы құлдырау кезінде көрініс тауып, ересек адам түрінде де пайдаланыла береді.

Берілген жіктелудің қайсысымен кәсіби және жанұялық қақтығыстар түсіндіріледі?

Рефераттар мен қысқаша мәліметтер тақырыптары:

1. Көне дәуір ойшылдары және олардың қақтығыстар мәселесі жайындағы толғауы.
2. Аристотель және оның философиялық ойлары.
3. Қақтығыстар ежелгі материалистер көзімен.
4. Психологиядағы адам және қақтығыс мәселесі.
5. XIX ғ. Ойшылдар және қақтығыстар туралы.
6. Зиммель – қақтығыстану ғылымының негізін қалаушы.

Әдебиеттер:

1.Международные конфликты. –М,. 1972
2. Доронина Н. И. Международный конфликт. М,. 1981
3. Цыганков П. А. Международные отношения. М,. 1999
4.Здравомыслов А. Г. Социология конфликта. М.: Аспект Пресс, 1996
5.Дмитриев А. В. Конфликтология. М. 2000

1.1. Қақтығыс түсінігі және типологиясы.

Мақсаты: Қақтығыстанудың ғылымыи білімдер облысындағы ерекшеліктері мен өз алдына оқу пәні екендігін көрсету, «қақтығыс» түсінігінің әртүрлілігін көрсету, қақтығыстардың қызметтері мен типтерін, оның негізгі критерийлерін көрсету.

1. Курс пәні және міндеттері.
2. Қақтығыс түсінігі.
3. Қақтығыс қызметтері.
4. Қақтығыстардың типологиясы.

1. Қақтығыстану ғылыми білімнің бөлек саласы ретінде оның зерттеу пәні әлеуметтік орта, себептері, типтері, динамикасы, жолдары, әдістері, олардың алдын алу, болжау және реттеу болып табылады. Жалпы білім берудің маңызды саласы ретінде қақтығыстану бұрыннан да және қазіргі таңда да әлеуметтік философиямен, әлеуметтанумен, психологиямен, саяси экономикамен, тарихпен, иқұққыпен, этикамен және т.б. әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланысты. Ол аталған ғылымдардың жетістіктеріне сүйеніп, сол арқылы сараптама жасайды.

Қақтығыстануды түсіну үшін оны күнделікті тұрмыстан да іздейміз, себебі, тұрмыста адамдар үйлесімді және қақтығыссыз тұра алмайды. Қақтығыстардан қашып қана қоймай, кей жағдайда оның да өзіндік тиімді жақтары да бар: күрделі жағдайдан шығатын бірден бір жол болуы мүмкін, адамдардың арасында бұзылған қарым –қатынастардың теңсіздігін қалпына келтіруге, бір келісімге келуге мүмкіндік береді.

Қақтығыстардың объективті және субъективті табиғатын, оның себептері мен мотивтарын, қандай формада және қандай жолдармен дамуын, оны басқару шеберлігін білген жөн. Бұл міндет әсіресе, кез келген деңгейдегі жетекшілер және менджерлер үшін қажетті.

Қақтығыстанудың қолданбалы бағыты да оның теоретикалық мағынасымен де мәнді. Ғылымның бұл саласы қақтығыстарды тануға, оның алдын алу және шешу үшін нақты көмектеседі. Ол қақтығыстарды шешуде, әлеуметтік өмірдің күрделі жақтарына дұрыс бағыт алуға, адамдар іс-әрекетіне тиімді ықпал етуге мүмкіндік береді. Қақтығыстанудың бұл саласының тағы да маңыздылығы ол жетекшілер мен

басшылардың қақтығыстық жағдайларға ашық көзбен қарап, адамдармен жұмыс жасауда ғылымда қалыптасқан қақтығыстардды басқаруға арналған ережелер мен басқару әдістерін қолдануға толық мүмкіндік береді.

2.Қақтығыстанудың негізгі категориясы –қақтығыс. Оның теориялық сараптамасы-ғылыми пәннің фундаменталды мәселесі болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде қақтығстың әртүрлі анықтамасы кездеседі.

Қақтығыстың әртүрлілігін ескере отырып, оның мынадай анықтамасын ұсынуға болады. Қақтығыс (лат.тілінде «conflictus» - қақтығыс) өз көзқарастары мен құндылықтары, бағыттарын жүзеге асыру мақсатында қоғамдық субъектілердің күресі.

Көптеген авторларға тиісті анықатамалар мен жоғарыда көрсетілген анықатамаларда қақтығыстар қарама-қайшы көзқарастармен немесе қайшылықты жағдайлармен тығыз байланысты.

Осылайша, көзқарастар – қоғамдық қақтығыстарды сараптап талдауға қажетті басты түсінік болып табылады. Қоғамдық қақтығыстар- оны шешіп, жеңуге, реттеуге бағытталған қызмет. Бұл қызмет процесінің арқасында өз көзқарастарын, қайшылықтарды шешуді жүзеге асыру үшін қоғамдық күштер қалыптасады. Бұл жағдай дамып келе жатқан қарама-қайшылықтың жағдайы және ол қақтығыс бола алады.

Қақтығыс оның күрделене түсуінен әлеуметтік қайшылыққа әкеледі. Әрине кез-келген мәселе қақтығыс бола алмайды, ол латентті болса ғана сол жағдайда болады. Қақтығыс - өз көзқарастарын жүзеге асыру мен бір нәтижеге қол жеткізуді бірінші жоспарға қойған нақты қарам-қайшылықтардың жағдайы болып табылады.

Қақтығыстың пәні – ол кез келген қақтығысты сипаттайтын ауыспалы болып табылады. Оның талдауы қақтығыстық қарым қатынастар қандай болмасын әрқашан қажетті болып табылады.

Ең алдымен қақтығыстық жағдай оның негізін қалайтын қарама қайшылықтың өткір формасына ие; соның ішінде екі қарама қарсы жақтың біреуі бұрынғыдай қарым қатынаста бола алмайды. Бір жақты немесе екі жақты да әлеуметтік жағдайы немесе биліктегі қатысы, рөлі, қаржы қаражатқа ие болуы қанағаттандырмауы мүмкін.

3. Қақтығыстың қызметтерін қоғамдық прцесстермен байланыстыра қараған жөн. Біріншіден, бұлай қарастыру қақтығыстың қоғам үшін объективті салдарын, екіншіден, қақтығыстардың формаларын түсіндірп, талдау мәселесін тұжырымдайды. Қақтығыстың басқа да аспектілері бір-біріне қарама-қайшы, себебі, қарама-қайшылықтардың сипаты қоғамға емес, қақтығыстың табиғатына да байланысты.

Қақтығыстың жағымды қызметі қақтығыстың киратушы қызметінен бөліп қарастырылмайды. Қақтығыстың кез келген жағымды жағының теріс жағы да болады. Аталған екі қызмет те қақтығыстың белгілі бір кезеңі мен ашық жағдайында қарама-қарсы екі жақтың субъектілері күреске түскен кезде көрінеді.

Қақтығыстың объективті салдары көп жағдайда ауыспалы немесе, күрес түрінің деңгейіне байланысты болады. Зорлық көрсету тәсілі қоғамның интеграциялануына емес, оның ыдырауына әкеледі. Қақтығыстардың күш көрсету түрі қоғамды бөліп, оның рухани бірігуіне жол бермейді. Қорытындысында, қоғам қайда барарын білмейді. Осылайша, қақтығыстардың жағымды жақтарын айтқанда,

оның жүзеге асуының қарама қарсы мүмкіндігін ескерген жөн. Тарихтағы кез келген революцияның салдары соған мысал бола алады.

5. Қақтығыстардың типологиясы – шет елдік және отандық ғалымдардың кеңінен қарастырып келе жатқан мәселелерінің бірі. Оның өзектілігі теоретикалық және қолданбалығымен түсіндіріледі. Тоеретикалық аспект жағын қарастырар болсақ, әлеуметтік білімнің кез келген саласының құбылыстарын жіктеу зерттеу әдістерінің маңызды әдістерінің бірі болып саналады. Қолданбалы аспектісі қақтығыстарды басқару тәжірибесімен байланысты. Қақтығыстарды жіктей отырып, біздер, қақтығыс жағдайының туындау себебін, әртүрлі типтернің динамикасының спецификасын біле отырып, соның негізінде қақтығыстардыңтанудың стратегиясы мен тактикасын, оны реттеу мен шешудің кешенін меңгереміз.

Қақтығыстарды жіктегенде көптеген негіздерді ескереміз:

1. Қақтығыстардың себептеріне байланысты: объективті және субъективті себептер;
2. қақтығыстың негізінде жатқан қарама қайшылықтар бойынша: антогонистік және антогогистік емес;
3. Қақтығыстың іс-әрекет ету ұзақтығына байланысты: ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді;
4. Қоғам үшін зиян-салдары бойынша: сәтті және сәтсіз;

Қақтығыстың құрылымы мен анықтамасы негізіне сүйенген қақтығыстардың типологиясы анық және түсінікті болады. Субъектілердің, қарама-қарсы жақтардың өз құндылықтары мен көзқарастарын жүзеге асыру, қақтығыстың шекарасы т.б. қақтығыстың мәні болғандықтан оған қақтығыстардың типологиясының айырмашылықтары да сәйкес келуі керек. Олар біріншіден, субъекті-жасаушылар, сондай-ақ, оның элементтері бойынша анықталады.

Әлеуметтік қақтығыстардың субьектілері: тұлғалар, топтар, этникалық қауымдастықтар, әлеуметтік ұйымдар мен институттар, саяси одақтар, мемлекеттер мен халықаралық қауымдастықтар кіреді. Соған сәйкес, қақтығыстың типтері бөлінеді: тұлға аралық, топаралық, таптар аралық, этнткалық, немесе ұлттық, ұйымдар мен институттар арасындағы қақтығыстар, мемлекетте арасындағы қақтығыстар және т.б.

Ю Запрудскийдің жазуынша, қақтығыстар типологиясы үшін негіздер әртүрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ, оны талдау үшін зерттеудің сипаты мен міндеттерінен де келіп шығады және типология мәселесіне әдіснамалық тұрғыдан зерттеуге де байланысты. Мысалы, Дарендорф, әлеуметтік қақтығыстың спецификасы оның әлеуметтік құрылымына байланысты дейді, нақтырақ « әлеуметтік позициялар мен рөлдердің әлеуметтік бірліктегі шеңбердегі іс-қимылына бағыт жасайды. Осы жерден келіп шығатыны әлеуметтік қақтығыстардың жіктелуі екі критерий бойынша: «қақтығыс пайда болған әлеуметтік бірліктің диапазоны» мен қақтығысқа қатысушы элементтердің рангтері жасалған. Осы критерийлердің бірігуін қақтығыстардың төмендегідей 15 түрі береді. Ол төмендегі кестеде көрсетілген.

Қатысушылардың рангісі	Бір рангтегі қарама-қарсы жақтың қақтығыстары	Қарама қарсы жақтың бірінің біріне бағыну жағдайындағы қақтығыстары	Бүтін және бөлімнің қақтығысы

А рөліндегілер	Пациенттер мен дәрігер рөліндегілер	Кәсіби рөл және ұйымдағы рөл. Ата-ана жанұясы және өз жанұяң.	Солдаттың рөлі және оның бұйрық орындаудағы міндеттері. Әлеуметтік тұлға және жанұялық рөлі.
Б топтар	Мектеп сыныбындағы ұлдар мен қыздар	Басқару және ұйым мүшелері.	Мекемедегі ескі ұжым және жаңадан келген адам.
С секторы	Фирма А және фирма Б	Кәсіпкерлер мен кәсіподақтар ұйымдары.	Католик шіркеуі және ескілік
Д қоғам	Протестанттармен католиктер	Басқарушы партия және оппозиция	Мемлекет және аз ұлттар
Е халықаралық қатынастар	Шығыс және Батыс	Германия және Польша	ЁЭО және Франция

Тапсырма №1.

Қақтығыс анықтамасын талдаңыз және өзіңіздің бағаңызды беріңіз. Сіз қандай анықтамамен келісесіңіз; анықтамалардың қайсысы бір бірімен ұқсас немесе айырмашылығы бар:

1. Әлеуметтік қақтығыстар әлеуметтік мәселелерді шешуді талап ететін жаңғдай пайда болған кезде пайда болады. Ол белгілі бір себептермен туындаған әлеуметтік тасымалдаушылары бар (таптар, ұлттар, әлеуметтік топтар мен т.б.), белгілі бір қызметтері мен ұзақтығы, қажеттілігі бар құбылыс.
2. Сонымен, әлеуметтік қақтығыстар – бұл ашық қарама қайшылықтар мен күрес, құндылықтар мен көзқарастар, қажеттіліктер себеп болып табылатын әлеуметтік қарым қатынастардың екі немесео дан да көп субъектілері мен қатысушыларынан тұратын ашық күрес түрі.
3. Қақтығыс-бұл эмоциялары арқылы шешуге тырысатын қарама қайшылықты ойлар мен идеялардың қарама-қайшылықты бағыттарының қақтығысуы.

Бақылау сұрақтары:

1.Қақтығыстардың типологиясы дегеніміз не?
2. Қақтығыстарды жіктеуге болатындай негіздерді атаңыз.
3. Қақтығыс түрлері қалай жіктеледі?
4.Территориальды қақтығыстардың себебі не?
5. Қақтығыстың себебіне қандай факторлар ықпал етеді?
Қақтығыстану пәнін ашатын қандай түсініктер бар?
Қақтығыстың құрылымын ашатын қандай түсініктер бар?
Қақтығыстардың типологиясының негізгі түрлерін масштабтары, уақытша параметрлары мен бағыт-бағдарлары, нәтижелері бойынша атаңыз.
6. Қақтығыстық өзара іс әрекеттесудің негізгі қаситтерін атаңыз.
10. Қақтығыстануда қолданылатын әдіс-тәсілдердің көптүрлілігін атаңыз және зерттеудің әдістерін ұтымды таңдаудың негізгі мәселесі неде?

Тапсырма №1. Ойын-тренинг.

I. Ойынның мақсаты. Студенттерге адамның жеке тұлғалар ішіндегі жағдайына тартумеханизмдерін көрсету, оларды қақтығыстардың алдын алу және шешу әдістерімен таныстыру, оларды стресске қарсы тұруға үйрету.

II. Ойынның қатысушылары.

1. Шенеунік (Ш).
2. Шенеуніктің бастығы (Б).
3. Қауымдастық өкілі (ҚӨ).
4. Сұранушы (С).
5. Жергілікті мафияның өкілі (М).
6. Шенеуніктің әйелі (ШӘ).
7. Шенеуніктің ары (А).
8. Экспертшілір тобы (Э).

Ойында 7-ден 8 адам, 30 –ға дейін адам қатыса алады.

III. Ережесі.

1. Жер және оны жалға беру, пайдалану муниципальді бөлімін Ш деген шенеунік басқарады. Бөлім тиісті органдардан балалар алаңдары мен спорт және ойын алаңдарын басқа да мақсаттарға пайдалануға тиым салатын тапсырма алды.(мысалы, құрылыс, автотұрақтар т.б.). Алайда бұл қаулыны өз ниетіне пайдаланбақ болған шенеуніктің бастығы Б деген алынған бұйрықты басқаша орындап, шенеуніктен бір балалар алаңын жоюға тапсырма береді. Шенеунік бастығының тапсырмасын орындауға көшеді.

2. Бұл уақытта шенеуніктің қабылдауына адамдар келеді:

а) Қауымдастық өкілі (ҚӨ), ол балалар алаңын қалпына келтіріп, заңды сақтауға шақырды;

б) Сұранушы (С), ол тазартылатын жерден өзіне бос орын алу үшін пара беруге келген;

в) Жергілікті мафияның өкілі (М), ол өзінің адамдарына жерден үлес берілмесе кек алуға қорқытуға келген;

3. Жұмыс күнін аяқтап, шенеунік өз үйіне қайталы және онымен мынадай оқиға болады:

а) Күні бойы болған оқиғаларды өзінің арымен ортаға салып, әңгімелесті;

б) күні бойы жұмыстан босамайтынына көңілі толмайтын әйелімен әңгімелесу; («әкесіз- балалар; күйеусіз - әйел»). Өз кезегінде шенеунікті ренжінетін оны жанұясында да түсінбейді.



Распоряжение высших органов (Закон)

Тренинг – ойынның жүрісінің схемасы.

IV. Ойын жүрісінің тәртібі.

1. Жоғарыда көрсетілген барлық рөлдерді студенттерге бөліңіз. Шенеуніктің рөлі тек предендентттің қалауы бойынша берілу керек. Сарапшылар тобын құру қажет.

2. Ойын шенеунік Ш-мен оның бастығы Б арасында болуы тиіс. Ойынның тәртібі жоғарыдағы Ереже бойынша жалғасады.

3. Ойын кезінде қатысушылар рөлдерімен алмасады және ойынға қатыспаған басқа да ойыншылар тартылады.

4. Сарапшылардың ойы және тренинг-ойынның қорытындысы.

V. Есте ұстаңыз! (ойын жетекшісі үшін). «Тұлғалар арасындағы қақтығыс» ойын –тренингісі ойыншылардың жоғарғы эмоционалды-психологиялық, әсіресе, шенеуніктің рөлін ойнаушы адамның жағдайын күрделе бейнелейтін ойын. Ойын барысында әсіресе, шенеуніктің рөлін ойнаушының психологиялық жағдайын мұқият бақылауда ұстаған жөн, қажет жағдайда оның рөлін ауыстырып отыру керек. Ойын аяқталарда барлық «шенеуніктерге» «реабилитацию» жүргізу керек;

Тапсырма 2. Тұлғалар арасындағы қақтығыстардың мәні мен пайда болуын түсіну үшін тұлғаның төмендегідей қырларына сараптама жасау қажет, өзінің іс-әрекетіне мән беру, өзінің тағдырына жауапкершілік, қиындықтарды жеңу, өзімен өзі келісім жасау, бір жағынан тұрақсыздық, біреуге үнемі бағыныштылық сезімі, біреуге кінә арту.

Ұсынылатын тест өзіңіздің мінезіңіздің қырларын түсінуге, және тұлғалық қақтығыстарға қаншалықты қарсы тұра алатындығын білу

Тест: «Мен кіммін?» Капитан? Басшы? Пассажир?»

Сіз егер өзіңіз туралы білгіңіз келсе, берілетін сұрақтарға шынайы жауап беріңіз: «иә», «жоқ», «білмеймін». 1, 3, 5, 7, 9, 11 сұрақтарына «**ИӘ**» және 2, 4, 6, 8, 10, 12, 15 сұрақтарына «**ЖОҚ**» десеңіз 10 балл, «**БІЛМЕЙМІН**» жауабына - 5 балл, содан соң жалпы баллды есептеңіз. Жауаптар тесттің соңында.

1. Өз өмірімде болып жатқан барлық оқиғаларға жауапркершілікапен қараймын.

2. Менің өмірімде жағдайлар болмас еді, егер, кейбір адамдар маған деген қарым-қатынасн өзгертпегенде.

3. Мен өзімнің сәтсіздіктерімді ойланып отырғанша, іс-әрекетке көшкенімді қалаймын.

4. Кейдк мен сәтсіз жұлдыздың астында дүниеге келгенмін деп ойлаймын.

5. Кез келген мәселені шешуге болады, және мен біреулерің өмірінде болатын қиындықтардың қалай туындайтынына түсінбеймін.

6. Басқаларға көмектескенді ұнатамын, себебі мен үшін де жақсылық жасағандар бар.

7. Егер қақтығыс болса мен кімнің кінәсі бар екенін ойланып, бірінші өзімнен бастаймын.

8. Кейде менің осындай болуыма маған ықпал жасаған адамдар деп ойлаймын.

9. Егер менің жолымды қара мысық кесетін болса, мен көшенің арғы жағына шығып, менің алдымнан адамның өтуін күтемін.

10. Егер адамдарды ашуланшақ және дөрекілік басатын болса, оған басқа адамдар кінәлі деп ойлаймын.

11. Кез келген жағдайға қарамастан адам күшті және өзі жеңетіндей болуы керек.

12. Мен өзімнің кемшіліктерімді білемін, бірақ адамдар оған түсіністікпен қарағанын қалаймын.

13. Мен өзім билік ете алмайтын жағдайды басыммен көтеремін және көнемін.

Жауап

100-150 балл. Сіз өз өміріңіздің капитанысыз, өзіңіз ғана айналаңызда болып жатқан жағдайды мойныңызға аласыз. Барлық қиыншылықтарды көтере аласыз. Сіз әселені шешу үшін жолдарды іздейсіз. Сіздің жаныңызда болып жатқан оқиғалар орта үшін жұмбақ болып қала бермек.

50-99 балл. Сіз өз өміріңіздің жетекшісі бола аласыз, бірік керек жағдайда сенімді қолға бере саласыз. Өзіңіздің қиындықтарыңызға реалды түрде қарайсыз: сіз әрқашан мұқиятсыз, сақсыз. Сіз өзіңіздің ішкі дүниеңізге зиян келтірмей басқа адамдармен достық, бейбіт қатынаста бола аласыз.

49 баллға дейін. Сіз өзіңіздің өміріңіздің жолаушысысыз, өмір солай деп, біреуге бағына саласыз, т.б. Өзіңіздің қиыншылықтарыңызға біреуді кінәлай саласыз, тек өзіңізді ғана емес. Шын тәуелсіздік сіз үшін қол жетпейтін сағым сияқты болып көрінеді.

Тапсырма №3.

Неміс әлеуметтанушысы Р.Дарендорфтың ойынша көптеген елдерде этникалық айырмашылықтар адамға қарсы юағытталған қарудың түрі болып саналады. Бұл қарудың астарында гер осы топқа жататын белгі болса, ол басқа бір аураны пайда қылып, теріс сипатқа ие қылатын жағымсыз әсер тудырады. Белгілі бір қоғамға жату азаматтық құқықтар шеңберінде емес, қорғанышты қажет ететін жағдайды тудырады.

Сіз осы тұжырыммен келісесіз бе? Осыны қазіргі этно-саяси тәжірибеден мысал келтіріп, тұжырым жасаңыз. Индивидтердің азаматтық құқықтарына ма, әлде, қауымдастықтың (этнос, ұлт) құқықтарына өзініздің дауысыңызды бересіз бе?

Рефераттар мен қысқаша мәліметтер тақырыптары:

1.Қақтығыстардың пайда болуының алғышарттары, себептері.
2.Қақтығыстардың жіктелуі.
3.Қақтығыстар түрлерінің өлшемі.
4.Халықаралық қақтығыстар және оның типтері
5.Территориальды қақтығыстар
6.Шектеулі қақтығыстар
7.Аймақтық қақтығыстар
8.Субаймақтық қақтығыстар
9.Ұлттық қақтығыстар
10.Мемлекеттік емес қақтығыстар
11.Территориальды емес қақтығыстар

Әдебиеттер:

1.Международные конфликты. -М,. 1972
2.Доронина Н. И. Международный конфликт. -М,. 1981
3.Цыганков П. А. Международные отношения. -М,. 1999
*4.*Фейррабенд *П.* Избр. труды по методологии науки. М., 1986. С . 516
5.Социологический словарь. — Минск. 1991. -С. 80.
6.Козырев Г. И. Введение в конфликтологию. М.: Владос. 1999. С. 6.
7.Уткин Э. А. Конфликтология. — М.: Экмос. 1998. -С. 4.
8. Козырев Г. И. Введение в конфликтологию.— Владос. 1999.С. 144.
9. Психология и этика делового общения. / Под. ред. В.Н. Лавриненко. -М. ЮПИТИ. 1997. – С. 255 – 256.

1.2.Қақтығыстардың пайда болу мәселесі.

Мақсаты: Қақтығыстың детерминациясының дамуы мен кезеңдерін ашу, қақтығыс процестерінің себептері мен дамуының қарама-қайшылықтықпен байланыстылығын ашу.

1. Қақтығыстардың детерминациясы.
2. Қақтығыс мәселесінің пайда болуы.
3. Қақтығыстардың дамуы.

1. Қақтығыстарды одан әрі сараптау оның процесс ретіндегі детерминациясы мен динамикасын анықтай түседі. Танымның осындай бетбұрысы қатығыстың жаңа сипаттамасын ашады. Қақтығыстың детерминациясы қақтығыстың табиғатын ашумен байланысты болғандықтан бұл қақтығыстанудың фундаментальды мәселесі болып табылады.

Қақтығыс детерминациясының жалпы философиялық категориясы әлі де болса талдауды қажет етеді. Детерминацияның. негізгі формасы қақтығыстың себептілігімен анықталады. Сондай-ақ қақтығыс себептік сипаты жоқ бірнеше қақтығыстардың әсерімен де болады. Олар кеңістіктік және уақытша факторлар, материалдық және рухани, мақсатты детерминация т.б. Сонымен бірге қажеттілік пен кездейсоқтық, динамикалық және статистикалық, рационалды және иррационалды,. тәжірибелік және рухани, діни, ғылыми факторлар құрайды. Қақтығыс детерминациясының мәселесі әдебиеттерде көрсетілген кейбір ережелерге сүйенеді.

Біріншіден, қақтығыстардың көптігін ескеретін болсақ, олардың пайда болуының себептері мен талаптары да әртүрлі. Соған қарамастан кейбір детерминанттар бар. Қақтығыстарды сараптауда оның пайда болуының объективті және субъективті себептері бірінші орында тұрады. Екіншіден, қақтығыс әрқашан да әлеуметтік ортада өтіп жатқан субъективті-объективті қарым-қатынастар.

2. Қақтығыстың қайшылықтармен байланыстыдығын негізге ала отырып, ғалымдар мәселенің шешілуне методологиялық тұрғыдан түсініктеме жасайды. Қайшылықтық кез келген қақтығыстың негізінде жатыр. Профессор Здравомыслов А.Г. қақтығыс табиғатын түсіну үшін оның әлеуметтік қайшылықтардан себебін іздеудің қажеті жоқ екендігін айтады. Егер нақтырақ талдар болсақ, қақтығыстар мен қарама қайшылықтар туралы сөз қозғалады және қақтығыстардың себебін сараптауда адамдардың түсінігін талдау емес, түп тамырында жатқан нақты қарама-қайшылықтарды анықтау, тексеру болып табылады. Қақтығыстың артында тұрған қарама қайшылықты елемеу қақтығыс туралы ешқандай мәлімет алуға әкеледі. Тағы да қайталар нәрсе, кез-келген қоғамдық құбылыс қандай табиғаты болмасын, ол адамдардың іс әрекетінің нәтижесі болып табылады. Адамдардың туындаған қарам-қайшылықтарға, оны жеңу, сақтауға бағытталған реакциясы осының бәрі обьективті қатынастарға өз септігін тигізбей ме?

Қақтығыстың пайда болу және себептері туралы мәселе қоғамда қақтығыстарды туындатуға әкелетін қарама қайшылықтарға толы бірнеше факторлардың жиынтығы болып табылады. Бұл мынадай фомуладан келіп шығады «бір қарама-қайшылық – бір қақтығыс». Бөлек әлеуметтік қақтығыс қақтығыстардың бір күрмеуіне әкелсе, керісінше бір қақтығыс көптеген қарама қайшылықтардың іс әрекетінің туындауына әкеледі. Көбінесе, саяси және ұлттық қақтығыстар болып табылады.

3.Қақтығыстың дамуы оның жартылайдан толық фазаға өтіп, аяқталып сөнуімен сипатталады. Оның ішінде субьектілердің сапалық өзгерістері мен қақтығыс негіздерін, қарама–қайшылықтың шиеленісуін, оның интенсивтілігінің артуын, қақтығыс алаңының кеңеюін және масштабтылығын қамтиды.

Жоғарыда сипатталған қақтығыс процесінің дамуына қарама-қарсы сондай-ақ, қақтығыс процестерінің дамымай жатып, сөніп қалатын түрлері де бар. Бұл толықтайдан жартылайға, ашық жағдайдан латенттіге өтуі, үйлесімділікке жол табуы болып табылады. Осындай процестерге мысал болатын пайда болмай жатып, латентті жағдайға өтіп, келісімділік пен үйлесімділікке жол табатын қақтығыстар. Қақтығыстың кезеңдері төмендегідей болып бөлінеді: пайда болу, даму және аяқталу (шешілу және сөну). Қақтығыстың дамуы - ол алдымен қақтығысып жатқан субъектілердің сапалық өзгерістерін сипаттайды. Оны түсіндіретін болсақ, ол қақтығыстар дами түсетін әлеуметтік жүйелер мен жүйешіктерден, оның элементерінен құралады. Қақтығыстың негізіне біз қақтығысты туындататын қарама қайшылықты жатқызамыз. Қақтығыстың негізіне екі жақтың да қатысушыларының бір мәмілеге келе алмай қарым-қатынастарының шиеленісуін айтамыз. Таптар арасындағы қақтығыстардың негізі ол берілген қоғамның әлеуметтік құрылымы; ал, топтар арасындағы қақтығыстар негізгі құрамы топтар болып табылатын қоғамнан тыс қарым–қатынастар болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қақтығыстарды зерттеудің негізгі принциптерін сипаттаңыз.

1) детерминизм, *2)* жүйелілік, *3)* даму.

2. Қақтығыстың динамикалық түсінігінің схемасын және олардың негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.

3. Қақтығыстың алғышарттық жағдайына жалпы сипаттама беріңіз. Оған мысал келтіріңіз.

4. Қақтығыстанудың алғышарттық жағдайын дұрыс қабылдамаудың қандай салдары бар?

5. Ашық қақтығысқа жалпы сипаттама берініңз. Ашық қақтығыстың негізгі кезеңдеріне сипаттама беріңіз.

6. Инцидентті ашық қақтығыстың дамуының негізгі кезеңі ретінде сипаттаңыз. Оның негізгі сипаттамасы қандай?

7. Қақтығысқа сылтау – себеп пен инцидентті атаңыз.

8. Эскалацияны ашық қақтығыстың даму кезеңі ретінде сипаттаңыз.

9. Қақтығыстағы «жау образын жасау» дегеніміз не және оның қақтығыстағы дамуының рөлі қандай?

10. Күш көрсету, қорқыту, оны қолдану сияқты тәсілдер қақтығыстың қай кезеңіне тиісті?

Қақтығыс динамикасының элементтерін түсіндіріңіз

11. Қақтығыстың аяқталуын ашық қақтығыстың дамуының соңғы кезеңі ретінде сипаттаңыз.

12. Қақтығыстың динамикасының соңғы кезеңіне сипаттама беріңіз.

13. Қақтығыстың соңғы кезеңдік синдромы дегеніміз не? Оған мысал келтіріңіз.

1. Төменде келтірілген қақтығыстардың динамикалық түрлеріне анықтама беріңіз.

1. Қақтығыс дегеніміз не? Негізгі белгілерін атаңыз.
2. Кез-келген қақтығыстың негізіне және себептеріне не жатады?
3. Қақтығыстар өсімдіктер және жануарлар әлемінде қақтығыстар болады?
4. Қақтығыстар мен спорттық жарыстарды салыстырыңыздар
5. Қақтығыстың объектісі не болып табылады?
6. «Қақтығыс объектісі» мен «Қақтығыс пәні» түсінігін салыстырыңыз.
7. «Қақтығыстар динамикасы» терминіне түсініктеме беріңіз. Қақтығыстар динамикасының кезеңдеріне сипаттама беріңіз.
8. Қақтығыстық жағдайға жалпы сипаттама беріңіз. Мысал келтіріңіз.
9. Ашық қақтығыстарға жалпы сипаттама беріңіз. Негізігі кезеңдерін атаңыз.
10. Қақтығысқа себептерді және инцидентті сипаттаңыз.
11. Эскалацияны ашық қақтығыстың даму кезеңі ретінде сипаттаңыз.
12. Қақтығыстарда «Жау субьектінің образын жасау» не және қақтығыстардың дамуында оның рөлі қандай?

Өзіндік сараптама жасау ойындары.

Тапсырма №1.

Қақтығыстың белгілі теоретигі Джон Тернер жасаған қақтығыс себептерін талдаңыз. Өзіңіздің ойыңызды оның ойының мазмұнымен салыстырыңыз.

Қақтығыс себептері:

• Аз қамтылған топтар дефицит ресурстарды тарату кезінде заңдылықтарға жол берілетін болса қақтығыстардың туындауына толық мүмкіндік бар.

• Аз қамтылған топтар мүшелері көп болып, артықшылықтары бар топтарға қосылуға тырысса, олардың осы жағдайдағы заңдылықтарды ұстауы екіталай.

• Топтардың кедейлене түсуі мен әлеуметтік жағдайының төмендеуі атадған топтың қақтығыстардың қорғаушысына айналуы абсолютті.

• Аз қамтылған кедейленген топтар мүшелерінің әлеуметтенуі қаншалықты аз деңгейде болса олардың қақтығыстарды туындатуы соншалықты.

Тапсырма №2.

Қақтығыстың жекелік себептеріне мінез-құлықтықтың акцентуалдылығы жатады. Сіздің пікіріңізше қақтығыстың себептеріне қандай акцентуалдар себеп болады?

Ойын –тренинг. «Қақтығыстық деңгейі»[1]

Тапсырма №1. Сіздің алдыызда он жұп тұжырым берілген. Әрбір тұжырымды оқи отырып, сол бағандағы сіздің қасиеттеріңіз шығатындай етіп крест қойыңыз. Бағалау кезінде жеті баллдық шкаланы пайдаланыңыз.

	Дауға қарай жүгіреді	7654321	Даудан қашады
	Қарсылықтар шыдай алмайтын өзіндік дәлеледер айтады.	7654321	өзінің дәлеледерін өтініш, кешіріммен айтады
	Кім қарсылық көрсетсе де өзінің дегеніне жетеді	7654321	кім қарсылық көрсетсе де көнемін
	Басқалардың айтатын уәждеріне назар аудармайды	7654321	Басқалардың айтқан уәждеріне өкінішпен қарайды

	Даулы мәселеерді оппоненттің қатысысмен де қарастыра береді	7654321	Даулы мәселелерді қарсы оппоненттің қатысуынсыз қарастырады
	Қиын жағдайға тап болса да қиналмайды	7654321	Қиын жағдайда өзін ыңғайсыз сезінеді
	Даулы мәселеде өзінің мінезін көрсетуге болмайды	7654321	Даулы мәселеде өзінің көңіл-күйін білдірмеу керек дейді
	Даулы мәселеде жеңілмейді	7654321	Даулы мәселеде жеңілмейді
	Адамдар қақтығыстардан оңай шыға алады деп есептейді	7654321	Адамдар қақтығыстардан оңай шыға алмайды деп есептейді

Берілгендерді бағалау

1. Балл бойынша (кресттерді) бағаларды әрбір баған бойынша қосып, кесте жасаңыз. Ортадан солға қарай ауытқу (4 саны) қақтығыстыққа бейімділікті, оңға қарай қақтығыстықтан бойын қашық ұстауды көрсетеді.
2. Жалпы баллдарды есептеңіз. 70 баллдың суммасы қақтығыстық жағдайдың өте жоғары, 60 балл –жоғары, 50 балл – қарапайымдылығын екендігін көрсетеді. 11 - 15 балл қақтығыстық жағдайдан қашық ұстауды көрсетеді.
3. Өзіндік балыңызды (кесте және балл бойынша) және басқалар берген баллыңызды есептеңіз. Қорытынды жасаңыз.

№2 сараптамалық ойын. Қақтығыс динамикасының негізгі кезеңдері мен этаптары.

Тапсырма №1. Берілген жағдайды қақтығыс динамикасыкөзқарасымен сараптама жасаңыз. Сіз одан қақтығыстың қандай кезеңдері мен даму этаптарын бөліп көрсете аласыз.

Бұл оқиға бір ЖОО ның кафедрасына оқу орнын бітірген жас маман Жарасова деген қабылданғаннан кейін болды. Ол ассистент қызметін тез игергені соншалықты, өзінің пысықтығымен институтың барлығымен тез танысып алды. Тек кафедра меңгерушісі Садықовпен қарам қатынасын жөнге келтіре алмады. Садықовқа Жарасованың кафедра ішіндегі жұмыстан тыс ісәрекеттері, бітпейтін әңгімелері ұнамады. Садықовпен жақсы қатынас орната алмасын білген Жарасова өзінің іс әрекетін тез өзгертті. Бұрын кафедра меңгерушісінің тапсырмаларын жақсы ма, жаман ба орындасын, ол өзіне жүктелген міндеттерді қажетті жағдайда ғана орындаумен шектеліп, кафедрада еңбек заңын білмеген сылтаумен кешке дейін қалмайтын болды. Жас маманның артықшылықтарын пайдалана отырып, ол студенттердің тәжірибелік жұмысынан бас тартты, оқу жоспарын қайта қарстыруды талап етті, ассистентке дәріс оқуға тиым салатын жоғарғы оқу орнының ережесін алға тартып отырды. Лабораториялық және практикалық жұмыстардан бас тартты.

Бір сөзбен айтқанда, Жарасова Садықовқа ашық қақтығыс жағдайын тудырды. Ал ол болса, содан басқа амал көрмеді. Жарасованың «батырлығы» мен пысықтығы жастар арасында және басқа бөлім ассистенттері арасында қолдау тауып, барлығы Жарасованы үлгі тұтты. Күштің бәрі кафедра меңгерушісіне қарсы болды.

Көп ойланған Садықов өзінің іс әрекетін тез өзгертті. Кафедраның кезекті отырысында Садықов Жарасованың талаптарынан кейін оқу жүктемесінің жартысын жеңілдетіп, басқа қызметкерлердің таң қалғанына қарамастан

Жарасованың оқу жүктемесінің жартысын өзі алып, жартысын кафедра қызметкерлері арасында бөлісуді ұйғарды.

Келесіде Жарасованың орнына қызмет сапарына кафедраның басқа бір ассистенті баратын кезде қызметкерлердің таң қалғаны басылып, ашулары келді. Кафедра меңгепушісін өте жұмсақ, бос мінезді деп, ал, Жарасоваға жа өз қарсылықтарын білдіре бастады. Жарасованың орнына практикалық тапсырмалара мен тәжірибе жұмыстарын жүргізіп жүрген ассистенттердің де оған деген көзқарастары өзгере бастады. Жарасова мұндай жағдайды күтпеген еді және абдырап қалды. Оның барлық талаптары мен еркеліктері сол бойда басылып қалды. Ол туралы кафедрада меңгерушінің жұмсақтығын пайдаланып жүр деген әңгіме тарады.

Бұрынғы табынушылар Жарасовадан бас тартты. Ол өзіне жау тапты. Бұрынғы өзіне ұнайтын кафедрадағы жағдай Жарасованың мазасын кетіре бастады, ол кафедрада шыдай алмады. Ол өзін кафедрада өте дөрекі және көрсете бастады.

Уақыт өтпей жатып, Жарасова жұмыстан босату туралы арыз жазды. Кафедра меңгерушісі шыдамдылық танытып, ассистентті үш жыл толмай жұмыстан босата алмайтыныын айтып көндіре бастады. Жарасова деканға шағымданып, босату туралы рұқсат алды. Оның жұмыстан кетуінен кейін кафедра қызметкерлері мен меңгеруші арасында бұрынғы қатынас қайта орнады.

Тапсырма №3. Төменде суретте келтірілген қақтығыстың динамикасының этаптары мен негізгі кезеңдерін сипаттаңыз. Әрқайсысына мысал келтіріңіз.



Рефераттар мен қысқаша мәліметтер тақырыптары:

1. Қақтығыстарды оқудағы негізгі принциптер.
2. Негізгі әдістері мен ерекшелігі.
3. Қақтығыстар және оның объектісі.
4. Қақтығыстар шешудің кезеңдері.

5. Саяси және құқықтық орта қақтығыстары.
6. Қақтығыстарды реттеудің негізгі іс-қимылдар.
7. Қақтығыстарды реттеу әдістері.
8. Қазіргі кездегі қақтығыстардың дамуы.
9. Қақтығыстарды болжау.
10. Қақтығыс мәселелері мен ескерту әдістері.
11. Одақтастық – қазіргі кезеңдегі қақтығыстардың әмбебап түрі.
12. Профилактикалық менеджмент және қазіргі кезеңдегі қақтығыстар.

Әдебиеттер:

1. [1]Анцупов А.Я.. Шипилов А. И. Конфликтного. – М.: 1999. С. 264.
2. Бородкин Ф. М., Коряк Н.М. Внимание: конфликт! Новосибирск: Наука. 1984. - С. 102 -103.
3. Ладанов И. Д. Управление стрессом.-М., 1989. – С. 126 – 127.
4. Международные конфликты. -М,. 1972
5. Доронина Н. И. Международный конфликт. -М,. 1981
6. Цыганков П. А. Международные отношения. -М,. 1999
7. Фейррабенд *П.* Избр. труды по методологии науки. М., 1986.-С . 516

II. Қақтығыстарды реттеудің әдістері.

Мақсаты: Тар және кең мағынада қақтығыстарды реттеудің әдістерінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ашу, қақтығыстардың кезеңдері мен реттеу этаптарына тән сипатттарын қарастыру.

1. Қақтығыстарды бақылау және басқарудың мәні.
2. Қақтығыстарды шешудің кезеңдері.
3. Келіссөздер – қақтығыстарды шешудің әмбебап түрі.
4. Қақтығыстарды шешу әрекеттері және оны реттеудің жолдарын іздестіру.
5. Қақтығыстарды шешу теориясындағы «стратегия» түсінігі.
6. Қақтығыстарды реттеудегі «үшінші жақ».
7. Қақтығыстық жағдайдан шығудың мүмкін жолдары.

1. Тар мағынада «Қақтығыстарды реттеу» термині қақтығыстарды басқару тәсілінің бірі деп қарастырылады. Оның қолданылуы қақтығыстардың жойылуын немесе аяқталуын білдірмейді, тек екі қарама қарсы жақтың бір біріне деген өшпенділіктерін шектей тұру, шығынға әкелмеуді білдіреді. Негізгі мағынасы қақтығыстарды алып тастау емес, оны нәтижелі қылу.

Қақтығыстарды реттеуде олардың болуын мойындау керек. Оның бірінші рөлін, қызметтері мен сипаты мен шығуын табу қажет. Қақтығыстар саясаттан бөлінбейтін болғандықтан қақтығыстардың формалары мен сценариіне, оның жүрісіне, дамуына назар аударған жөн.Көп жағдайда қақтығыстың легитимациясы мен институционализациясына көп көңіл бөлінеді. Бұл қақтығысқа екі жаққа да қолданылатын құқықшылық пен заңдылықтардың ғана емес, сондай-ақ, ережелер мен нормалардың, заңдардң қолданылуын айтамыз. Мұндай ережелер халықаралық келісімдер, конвенциялар, конституциялар, халықаралық ұйымдардың жарғылары, регламенттері болуы мүмкін. Оның тиімділігі мен қажеттілігі екі жақтың да соны мойындап, кепілдік ретінде болса да теңдіктің болуын талап етеді.

Саяси өмір қандай болса, осындай ережелердің формалары мен мазмұндары да әрқилы. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде, әртүрлі қоғам мен мемлекеттерде, саяси жүйелер мен саяси режимдерде халықаралық келісідерге талап оның мазмұны мен формаларын өзгертті.

Институцияландырылған қақтығыстардың мысалы ретінде дуэльге шығу болып табылады. Бізге белгілісі, эуэльге қатысушылар мен оынң тәсілдері, уақыты, дистанциясы, сондай-ақ куәгерлердің тәртібі, дуэльге дейінгі секнданттар мен куәгерлер, дуэль кезінде және одан кейінгі жүріс тәртібі кодекспен қарастырылған. Институциаландырылудың негізінде әлеуметтену, яғни, легитимдендірілген тәсілдер мен бекітлген орындау тәрыбі, іс-әрекеттер жиынтығы қарастырылған.

Ғылыми және әдеби кітаптарда қақтығыстарды реттеуде жаугершілікті азайту, ортақ мәселені шешу әдістерін іздестіру түсінігі беріледі. Ерекше көңіл бөлінетіні оқыту және зертеу технологиясы: реттеу, қақтығыстық жағдайда шешім қабылдау, қақтығыстарды бейбіт түрде шешу, келіссөздер, делдалдық процесін ұйымдастыру, қақтығысқа ықпал етудың мүмкін әдістеріне сараптама жасау.

Мемлекеттер арасындағы қақтығыстар, әскери қақтығыстар жойылмайды., бірақ кең масштабтағы соғыстар мемлекеттер арасында мүмкін болып табылады. Мемлекет қақтығыстардың бір жақты қатысушысы болып қала береді, бірақ қақтығыстың екінші жағы мемлекеік емес акторлар экстремистік, діни, қылмыстық синдикаттар мен қылмыстық топтар болып келеді.

Басқаша айтқанда қақтығыстың қатысушылары әсекри жауынгерлер болып табылады.

2. Қақтығыстың дамуындағы оның пайда болып дамып, шешілуіне дейінгі жағдайын алты кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең: «Қақтығыстың реттелуіндегі психологиялық дайындық» - қақтығыс пайда болады және қақтығыстық екі жақтың мотивтері белгілі боып бастайды.

Екінші кезең: «Қақтығысты туындатқан нақты мәселелердің анықталуы» - қақтығыстың пайда болу себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең: «Қақтығыстарды шешуге мүмкін жағдайларды іздестіру» - қақтығыстарды рет еуге мүмкін болатындай барлық жолдарды қарстыру.

Төртінші кезең: «Қақтығыстарды шешудегі нұсқаларды таңдау және өңдеу» - қарама қарсы екі жақтың тиімділігі үшін қарастырылатын қақтығыстарды нақты шешуге бағытталған нұсқалардың таңдалуына бағытталған.

Бесінші кезең: «Қақтығыстарды реттеу процесі» - қақтығыстарды реттеуге арналып, оны жүзеге асыру жүргізіледі.

Алтыншы кезең: «Қақтығыстарды реттеудің процестерінің аяқталуы» - қақтығыстарды реттеудің аяқталуы, қарама қарсы екі жақ қақтығыстың аяқталғанын мойындап, екеулерінің арасындағы қатынас сақталады.

Қақтығыстың этаптарымен бірге қақтығыс фазалары байланысты, оларды бір бірінен ажыратып, оларды шешеу мүмкіндіктерін қарастырған жөн. Қақтығыстың динамикасының сипатын төмендегідей қақтығыстық кезеңдер түсіндіреді:

1) қақтығыстың басталуы;
2) қақтығыстың дамуы;
3) қақтығыстың шектен шығуы;
4) қақтығыстың өшуі;
5) қақтығыстың аяқталуы;

6) қақтығыстың аяқталуы;
Ұзақ уақытқа созылған және өткір қақтығыстарда қақтығыстар циклді түрде қайталана береді. «Қақтығыстың өшуі» фазасынан немесе «қақтығыстың аяқталуынан кейін» «қақтығыстың дамуы» фазасы басталып, шектен шығу, өшу, қақтығыстың аяқталуы фазалары қатар жүріп, кейін басқа циклдар басталуы мүмкін. Әрбір цикл сайын қақтығыстың шектен шығуы одан сайын жоғарылай түсіп, өткірлік деңгейі мен интенсивтілігі арта түседі.
3.Келіссөздер – тек қана қақтығыстың аяқталып, оның ретелуінен, шешілуі ғана емес, сондай-ақ, қақтығыста қатысу әдісі, оның дамуының бір формасы болып табылады. Келіссөздер процесінің өзі оған дайындық,, бұл процесс кезінде екі жақты татуластыру үшін қақтығыстың дамыған кезеңінде қолданылып, қатысушылардың өз көзқарастары мен құндылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Келіссөздер – бұл біріншіден, ортақ көзқарастарды көздеген шаралардың бірі. Келіссөздер кезінде көрінетін бәсекелестікте, бір жақ екінші жаққа өзінің көзқарастарын жүзеге асыратындай іс-қимыл кезінде сыйақы алуға мүмкіндік береді.

Келіссөздер – бұл екі жақтың да көзқарастары мен мүдделері көзделген картаға қойылған стратегия. Әрине екі жақ бірден келісімге келе қоймайды.

Келіссөздер кезіндегі күштердің арақатынасына сай олардың мазмұны мен көзқарастары, келіссөз жүргізушілердің жеке стилі мен келіссөзер формасы, фазалары, келіссөз жүргізу тәсілі әртүрлі болып ауыса береді. Келіссөздерде әрине, қақтығыстардағы қатысушылар күшінің арақатынасымен олардың бір бірімен күреске дайындығы маңызды болып табылады.

Келіссөздерді қақтығысқа қатысып отырған бөлек мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, жеке азаматтар, делдалдар мен қызығушы топтар жүргізе алады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, біліктілігі бар, осы салада сәтті келіссөздер жүргізіп, танылған, арнайы дайындықтан өткен адамдар ғана келіссөздің сәтті өтуіне себепші болады. Оның классикалық мысалы болып, келіссөз жүргізуші- басқалармен диалог жүргізуде өз елінің көзқарасын білдіретін дипломат-елші болып табылады.

4.Кез келген халықаралық-саяси қақтығыс белсенді, саналы түрде саяси қызметке бағыт алған адамдардың қатысуынсыз пайда болып, дамып, реттеле алмайды. Олар тек қана қақтығыстың құрбаны болып қана қоймай, өзіне пайда әкелу үшін әдейі ойластырылып жасалған қақтығысқа өрт қоятын қарулы сипатқа да әкелуге мәжбүр ететін бірден бір себепші болады. Әртүрлі жағдайда бұл ресурстар мен байлықты иемдену үшін пайданы ойластыру жағы да қарастырылған. Алайда саясат әлемінде пайда табу биліктің араласуынсыз жүзеге аспайды. Әлеуметтік үйлесімділіктің, қақтығыссыздық нақты қоғамдық қатынастарда жүзеге аспайтыны белгілі және дәлелденген деп те айтуға болады.

Қақтығыс халықаралық-саяси бола алады, егер, біріншіден, қақтығыстың пәні билікті бөлу, тарату, ұстау; екіншіден, қарсы екі жақтың күресі ұлттық-мемлекеттік шекарадан шығатын болса;

Осылайша, таққа таласқан екі әулеттің билеушілері арасындағы немесе партиялар арасындағы үкімет құруға ұмтылған билік үшін күресі – бұл саясаттың бір сатысы болып табылады. Мемлекеттер арасындағы отарлар, жер байлықтарын игеру үшін күрес дами келе халықаралық –саяси аренаға шығып, халықаралық-саяси

қақтығыстарға әкеледі. Халықаралық-саяси қақтығыстардың қатысушылары әлемдік аренада саяси күреспен айналысатын кез келген әлеуметтік қауымдастық бола алады.

Халықаралық-саяси қақтығыста қатысушылардың біреуінің күші екіншісінен бөліп қарастырылмайды. Бұл жерде күш те, әлсіздік те бір біріне қатысты ғана бағаланады.

Тұрмыста да, ғылымда да «күштеу» сөзінің көп жақты түсіндірмесі айтылады. Ол қақтығыстағы іс қимылдың барлық түрлерін қарастырады. Заңгерлер күштеу түсінігінен бір адамға екіншінің әдейі бағытталып жасалған физикалық зиян келтіруін, және күш көрсету ол бұрынғы замандардан бері қолданылып келе жатқанына сүйенеді. Күш көрсету, зорлық жасау-әлеуметтік іс қимылдың маңызды формасы, ол адамның немесе басқа да әлеуметтік қауымның өзінің еркінсіз мақсатын оындауға итермелейтін мүмкіндігі. Саяси қақтығыста күш көрсету, зорлық жасау билік жүйесінде көндіру, итермелеу тәсілдерін қолданып, қарсыласқа соққы беру болып табылады.

5.Халықаралық қатынастар туралы қазіргі ғылымда «стратегия» түсінігі бір бағытты көздеген біреуге тәсілдер арқылы ықпал ету аынқтамасымен түсіндіріледі.

Стратегия қақтығысты бақылауға, басқаруға, немесе керісінше әлеуметтік-саяси қырғи-қабақтықты алып тастауға, қақтығыс эскалациясының бір сатысынан екінші сатысына өтуде қажет емес күрделене түсуден, мысалы, ашық қарсылыққа көшіп кетпеуін көздейді.

Стратегияның мәні ол қарсыластың орны толмайтын шығынға әкелетін потенциалды қолданбай кең көлемдегі күш көрсетіп, зорлық жасамауды қарастырады.

Әскери қарулы қақтығыстардың екі негізгі типі бар. Біріншісі, діни, этникалық, саяси, қақтығыстарға әкелетін ішкі саяси қақтығыстар. Тарихта ол азаматтық соғыстар, көтерілістер, қарулы бас көтерулер, төңкерістер сияқты сипатталған. Бұл соғыстар мен қарулы көтерілістерге жиі құрылатын жеке немесе мемлекеттік емес ұйымдар ұйымдастырған партизандық отрядтар, әскери дружиналар, қарулы ұйымдардың төмен интенсивтілігімен сипатталатын қарулы құрылымдары тән.

Екіншісі, мемлекеттердің, мемлекетаралық одақтардың, әскери саяси блоктардың көзқарастарының соқтығысынан болатын қатығыстар. Осы типтегі қақтығыстар белгілі болғандай, қоғамның атынан жауап беретін, мемлекеттің кез келген тапсырмасын орындап, қарулы күш қолдана алатын тұрақты әскер ұстайды.

Саяси тұрақтылық және саяси қақтығыстар көп жағдайда бір біріне қарама қарсы болмайды, олар, «бірін бірі толықтырып» тұратын диалетикалық үйлесімділікте болады.

6. «Үшінші жақ» түсінігі тар және кең мағынада «делдал», «келіссөз кезіндегі бақылаушы», «арбитр» түсінігін береді. Үшінші жақ ретінде кез келеген бақылаушы немесе статусы жоқ тұлға, бірақ, екі жақ аоасындағы қақтығыстық жағдайды реттеу мәселелерімен айналысатын тұлғаны айта аламыз. Үшінші жақтың қақтығысты екінші адамға пайда әкелу үшін емес, бейбіт түрде шешуші екенін айта кету керек, ол тіке немесе қосымша жанама түрдегі араласушы бола алады. Егер, үшінші жақ келіссөздік бағыт алса ол делдалдықты, мейрімді қызмет көрсету, арбитраждықты білдіреді.

Делдалдықтың астарында үшінші жақтың мәселені шешу үшін қолайлы шешім іздеу жолын қарастыратын міндеті жатыр.

Мейірімді көмек көрсету түсінігі мағынасы жағынан делдалдыққа ұқсас. Мейрімді көмек көрсету қақтығысып жатқан екі жақтың қақтығысын бейбіт түрде шешуге жағдай жасау қызметі. Бұл жағдайда үшінші жақ халықаралық-саяси қақтығыс жағдайында өзінің территориясын келісім жасау үшін беріп, немесе «хат-хабар беруші» рөлін орындаушы бола алады.

Делдалдық сондай-ақ, үшінші жақтың қақтығысты реттеуін де қарастырады. Оның міндеті-тек қана келіссөздері ұйымдастырып қана қоймай, шешім табудың оңтайлы жолын қарастырады. Сондықтан әрқашан делдалдық пен көмек көрсетуді ажыоатқанда олардың қақтығыстарды реттеу процсеінде үшінші жақ ретіндегі рөлін анықтаған жөн: белсенді (делдалық) немесе пассивті (көмек көрсету)

Арбитражға тән сипат мыналар:

- қарсылас екі жақтың шешімдері үшін заңды міндетті күші;
- қатысушылар арбираждың шешіміне келіспесе де оның айтқанына көну керек;
- екі жақтың арбитрды таңдауы;

Соңғы талап бәріне де, арбитражға да ортақ. Делдалдықта екі жақ өз алдына қақтығыс реттелетіндей шешім қабылдауы керек.

Делдал көп жағдайда оларға өзара тиімді шешім қабылдауға көмек көрсетеді. Үшінші жақ қақтығысқа тұрақты немесе қақтығысып жатқан екі жақтың сұрауы бойынша араласа алады. Оның қақтығыс қатысушыларына ықпалы әртүрлі. Ықпал етудің тәсілдерің ішінде екі топты көрсетеді.

- бейбіт шешім жасауда седіру және көмек көрсету;
- күштеу, қысым көрсету;

8. Біржақты қадам жасағанда қатысушылар өздерінің іс-әрекеттерімен келісіп отырмайды, олар өздерінен тәуелсіз шешімдер қабылдайды. Біржақты қадамдар іс-қимылдың мынадай әрекеттерін қамтиды:
   - бір жақтың ұтысының жүзеге асуы;
   - қарсыластың алдында капитулияциялану;
   - қақтығыстық жағдайды ушықтыру;
   - құқықтықтық инстанцияларға шағымдану;

Жеңіске жету үшін екі жақтың қатысушылары күреске түседі. Бұл үшін қарулы қақтығыстар, террористік актілер, экономикалық блокада, саяси қысым көрсетулер қолданылуы мүмкін. Осындай жағдайда оқиғалар бір жаққа жиналып, күшейіп, қарулы қақтығыстарға әкеледі. Күрес екі жақтың күші сарқылғанша жүруі мүмкін.

Жеңіске жетуші жақтың мақсаты мен міндеті жүзеге аспауы да мүмкін. Бұл мәселенің шешілмей, жеңіскеп жетуші жақтың қанағаттанбауын туғызады да, қайтадан реванш үшін мүмкіндіктер іздеп, мұның өзі қақтығыстың жаңаланып туындауына әкеліп, бұрын қол жеткен бейбіт келісімнің ұзақ уақыт сақталуына жол бермейді.

Бір жақтылықтың жүзеге асуының келесі бір тұрі ол қатысушының біреуінің қақтығыссыз капитулияцияға иермелейді. Әдетте ол екі жақтың біреуі зор шығынға ұшырамас үшін күші аз қатысушы шегініске барады. Мысалға соғыссыз берілген көптеген әскри күштердің іс-қимылын айтуға болады. Күрес жағдайында да капитулияциямен берілген жеңіске жетуші мен шегінген жақтың көзқарастары мен

мақсаттары жүзеге аспаса, қақтығыстың әрі қарайғы дамуының қауіпті көзі болып саналады.

Тағы да мүмкін жол ол қақтығыстық жағдайды ушықтыру. Оның нәтижесі іс-әрекетсіз отыру. Бұл жағдайда оқиғалардың дамуы өзімен өзі кете береді. Мұндай тұрғыдан келу өте қауіпті.

Бір жақты қадамдардың соңғы нұсқасы ол – қатысушылардың құқықтық инстанцияларға шағынуы.

Әлемдегі қақтығыстарды шешу тұрғыларын анықтай отырып, жахандық деңгейде күштеу әдістерінен келіссөздерге дейінгі жолдарды қарастырып, ортақ тарихи үрдіс негізінде қарастырылуы мүмкін. Берілген процесс күрделі және қайшылыққа толы және де ол белгілі ғана елде немесе аймақта қолданылмайды.

Қарулы қақтығыстардан бас тарту одан тек қана айну ғана емес, ол біріккен шешім қабылдауды іздестірудің жоқтығы болып табылады. Қатысушылар кез келген бір жақты қадамдар, көп жағдайда, бір біріне саяси және экономикалық қысым клтіруі мүмкін. бір жолды іздестіру үшін біріккен іс-әрекеттер, келіссөздер қатысушылардың келіссөздерге альтернатива жоқ екеніне көздері жеткеннен кейін ғана басталады. Американдық авторлар Р.Фишер және У.Юри «BATNA» деп аталатын арнайы термин енгізді, яғни, келіссөздік келісімге келудің ең жақсы альтернативасы дегенді білдіреді. Оның болмауы –келіссөз процесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Бір ескеретін жай BATNA сияқты келіссөздік кеңістіктер де нақтыланбаған. Ол қатысушылардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде алмасып, пайда болып, кеңейіп, тарылып, нақтыланып, тіпті, жойылып кетуі де мүмкін. Болмаған жағдайда екі жақ та қайтадан қарсы тұруға мәжбүр болады.

Бақылау сұрақтары:

1.Қақтығыстарды шешудің түсініктік моделін талдаңыз, қақтығыстарды реттеудің мүмкін болатын екі әдісін көрсетіңіз.
2. Қақтығыстарды шешудің қандай әдістері бар?
3. Келіссөздің қандай түрлерін білесіңіз?
4. Ынтымақтастық дегеніміз не?
5.Қақтығыстарды реттеудің халықаралық қақтығыстардағы рөлі қандай?
6. Қақтығыстарды реттеудің қандай әдістері бар?
7. Ынтымақтастық дегеніміз не?
8. Қақтығыстарда қандай әдістер қолданылады?
9. Қақтығыстарды шешудің қандай жолдары бар?
10. Қақтығыстардың «үшінші жағы » не болып табылады?
11. Медиация және медиатор дегеніміз не?
12. Қақтығыс түрлері қалай жіктеледі?
13. Территориальды қақтығыстардың себебі не?
14. Қақтығыстың себебіне қандай факторлар ықпал етеді?
15. Келіссөзді жүргізу кезеңдері қалай сипатталады?
16. Қазіргі кездегі келіссөздердің ерекшеліктері қандай?
17. Көп жақты келісімдер қалай жіктеледі?
18. Жоғары деңгейдегі келіссөздер қалай жүзеге асады?
19. Келіссөз стилінің қандай түрлері бар?

Тапсырма №1.

1.Кестені толтырыңыз:

1. Территориальды қақтығыстар	
2. Территориальды емес қақтығыстар	
3. Халықаралық қақтығыстар және оның түрлері	
4. Мемлекеттік емес қақтығыстар	
5. Ұлттық қақтығыстар	
6. Субаймақтық қақтығыстар	
7. Аймақтық қақтығыстар	
8. Шектеулі қақтығыстар	

Төмендегі терминдерге анықтама беріңіз:

1. Антагонист - делдал -
2. Арбитр - «қайырымды қызмет» -
3. Арбитраж - ресми араға түсушілік -
4. Консенсус - ресми емес араға түсушілік-
5. Медиатор - гуманитарлық интервенция -
6. Медиация -

Тапсырма №2.

Кестені толтырыңыз:

қақтығыс анықтамасы	қақтығыс тууының деңгейі	Жағымды функциялары	Жағымсыз функциялары	қақтығыс кезеңдері	қақтығыстың шешілу жолдары

Тапсырма №3.

Қақтығыс типтеріне анықтама беріңіз:

Діни -

Мәдени -

Идеалдық -

Халықтық –

Территориялық –

Анықтама беріңіз:

интеграция-

дезинтеграция –

функционализм -

неофункционализм –

федерализм-

плюрализм –

мальгамдық-

Кестені толтырыңыз:

Ұйым	Құрылуы	Басшылары	Рөлі
Ұлттар лигасы			
НАТО			
ЕО			
ЕҚЫҰ			
ОАЕ			

Тапсырма №4.

Төмендегі аймақтық қақтығыстарға сипаттама беріңіз:

1. Таулы Карабах, Закавказье, Шешенстан.
2. Орталық Азиядағы қаулы күштер қақтығыстары. Орталық Азия қақтығыстарының бағыттары мен мәселелері.

Төмендегі сөздерге анықтама беріңіз:

1. «аралық белдік»- 4. «гибридті мәдениет»-
2. «буферлік» - 5. «көшпенділер мәдениеті»-
3. «орталық зона»- 6. өркениет-

Төмендегі терминдерге анықтама беріңіз:

1.Ұлт - 4. Нәсілшілдік-
2. Ұлтшылдық- 5. геноцид-
3. Этнос- 6. сепаратизм-

Тапсырма №5.

Өзінің «Исповедь» шығармасында Л.Н.Толстой өзін ұзақ уақыт бойы мазалаған тұлғалық қақтығыстарды сипаттайды. Оның мәні төмендегідей: «Өмір мәнсіз», «не үшін өмір сүреміз?», сонда «Барлығы бос, кім мына дүниеге келлмесе, сол адам бақытты ма, - өлім өмірден де жақсы; одан құтылған жөн». Текстi талдаңыз және мына сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Тұлғалық қақтығыстардың қай түрі туралы әңгіме болуда?
2. Л.Н. Толстой анықтаған тұлғалық қақтығыстан шығу жолдарының қандай механизмдерін қарастырады?
3. Автор жазғандай қақтығыстан шығатын жолдарға баға беріңіз.
4. Сіз Толстойдың орнында болғанда қандай әрекетке барар едіңіз?

Тапсырма №6. Қақтығыстық жағдайды шешіңіз!

Сіз бір фирманың бөлімінің жетекшісісіз. Күтпеген жерден сізге фирма басшысы телефон шалып, сіздің қол астыңыздағы жұмысшының шағымданып, сіздің онымен дөрекі сөйлесетініңізді

мәлімдеді. Сіз үшін бұл күтпеген жағдай. Жетекші сізден жұмысшымен келісімге келуді өтінді.

1. *Сіз әңгімені қалай бастар едіңіз?*
2. *Қандай сұрақтар қояр едіңіз?*
3. *Әңгімеңізді қалай аяқтар едіңіз?*

Тапсырма №7.

Іс-әрекетіңіздің ең жақсысын таңдаңыз. Сіздің мекемеңізде сіз атқарғыңыз келетін қолайлы жұмыс бар?Бірақ, сізге басқасын, яғни шығармашылық емес жұмыс тапсырды.

Төмендегі жеті нұсқаның қайсысын таңдар едіңіз?

1. Сіз жұмыста берілгендігіңіз сізге жақсы сыйақы әкеледі деп ойлайсыз?
2. Қызметкерлерге уақытыңыздың босқа өтіп жатқанын айтып, шағымданасыз.
3. Жоғары басшылыққа хат жазасыз.
4. Жетекшіге сіз басқа жұмыс істегіңіз келетінін айтып, сіздің жұмысыңызды басқаның орындауын айтып өтінесіз.
5. Басқа фирмада басқа жұмыс табу мүмкіндігіңізді айтасыз.
6. Артық әңгімесіз басқа мекемеден жұмыс қарастырасыз.
7. Жетекшіге жлспар құрып, ұсынасыз және өз позицияңызды айтасыз.

Тапсырма №8. Ситуациялық ойындар.

1. «Тупик Амару» тобының экстремистері 1996 жылы Перудегі жапон елшісінің резиденциясында кепілдікке адам алды. Олардың босатылуы үшін, түрмедегі өздерінің жақтастарын босатуды талап етті. Билік 5 айға жуық террористермен келіссөздер жасап, ғимаратқа шабуыл жасап, кепілдегілерді босатуға мүмкіндік алды.

Бұл келіссөздер қандай қызметтер орындады?

3. Москва мен Литва арасындағы (1487 - 1494) «қызық соғыс» деп аталатын оқиғаның нәтижесі бейбіт рретеуге ұласты. 1493 жылы ұлы князь III Иван мен литвалық князь Александр Каземирович арасындағы келіссөздер жүргізу кезінде өздеріне сенімді тұлғалар арқылы хат –хабар жіберіп отырды. Ең маңызды талаптарының бірі ретінде Иван III өзі жасап шығарған атақты жаңа қысқаша формула «» бүкіл Русьтің иесі» деген жаңа титулды мойындау туралы келісім тастады. Ливалық князге бұл өзін мазақ қылу деп түсінді, себебі ол Иван айтып отырған Рустің көп бөлігінің иесі еді.

Иван III қандай әдіс-тәсіл қолданды?

4. Кит аулау кәсібімен айналысатын елдер Халықаралық кит аулау комиссиясы анықтайтын Конвенцияғва қол қойды. Онда қай жерде, қанша, қандай түрлерін аулау қарастырылған. Алайда ол барлық мәселені шеше алған жоқ. Мұны ұйым ішіндегі, кит аулау кәсібімен айналысатын елдер мен кит қорғаушылар арасындағы қақтығыстық жағдайдың болуымен түсіндіреді.

Сіздің көзқарасыңызша екі жақты да қанағаттандыратын мәселелердің шешімі болуы мүмкін:

- кез келген кит аулау кәсібіне тиым салу;
- Конвенциядан кит аулау кәсібімен айналысатын елдердің шығуы;
- Кит етін сату саудасына рұқсат беру;
- Жағалық кит аулау ісіне(кейбір елдерде кит аулау дәстүрлі болып саналады.) рұқсат беріп, халықаралық кит етіннің саудасына тиым салу;
- Кит аулауды тек ғылыми және коммерциялық мақсатта ғана аулауға рұқсат беріп, оның халықаралық саудада өнімдерін пайдалануға тиым салу;

Рефераттар мен қысқаша мәліметтер тақырыптары:

1. Еуропалық Кеңес және этникалық аз ұлттарды қорғау жүйесі.
2. ЕҚЫҰ, ОАЕ және аймақтық ұйымдардың қызметі.
3. ЕО-ның сыртқы саясаты және аймақтық қатығыстарды реттеудегі іс-әрекеті.
4. Оқшау елдердің рөлі және олардың халықаралық қақтығыстардағы ұйымдары.
5. НАТО «Қырғи-қабақ соғыстар» және одан кейінгі қақтығыстар.
6. АҚШ және халықаралық қақтығыстар.
7. Ұлыбритания және халықаралық қақтығыстар.
8. Халықаралық қақтығыстарды шешудегі БҰҰ-ның рөлі.
9. НАТО-ның шығысқа кеңеюі, ТМД –нің кейбір елдерінің НАТО-мен әріптестігі.
10. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан арасындағы қақтығыс жағдайы.
11. Израил-Палестина қақтығысы.
12. Пәкістан-Үнді қақтығысы.
13. Әскери қақтығыстар қаруланудуы пайдалану және сынау әрекеті ретінде.

Әдебиеттер:

1. Данакин И., Дятченко Л. Технология разрешения социальных конфликтов. (Спецкурс). Социс. 1993, 9.
2. Чумиков А. Управление конфликтом и конфликтное управление как новые парадигмы мышления и действия. Социс, 1995, 3. С. 52.
3. Насырова В.Посредничество в урегулировании правовых споров в США. Государство и право, 1997,5.
4. Котляров И. И. Междунардно-правовое регулирование вооруженных конфликтов. Уч. Пособие. -М,. 1984
5. Лебедев М. М. Политика урегулирования конфликтов. -М,. 1997
6. Мелков Г. М. Международное право в перид вооруженных конфликтов. Учебное пос. -М,. 1972
7. Полторак А. И. Савинский Л. И. Вооруженные конфликты и междунардное право: Основные проблемы, -М,. 1976
8. Глухова А. В.Политические конфликты.Консенсус и политические методы его достижения//Государство и право. 1993. №6
9. Ессам Абоу Салем. Современные конфликты и их способы урегулирования. Кишинев , 2006.
10. Лебедева М.М. Политические регулирование конфликтов: Подходы, решения, технологии. М.1999
11. [1] Толстой Л. Н. Сочинения. Часть тринадцатая. М.: И. Н. Кушнерев и К[0]. 1911. – С. 37 -40.

Маңызды түсініктер мен терминдердің сөздігі.

АБСТРАКЦИЯ — заттардың қасиеттері мен олардың арақатынасынан ойша ажырау.
БЕДЕЛ — мойындау, ықпал ету; жалпы мойындалған адам немесе топ;
АГОНИЯ — өлімге дейін итермелейтін жағдай.
АГРЕССИЯ — бір қарсыластың екіншіге психологиялық және физикалық шығын келтіру арқылы қақтығыстағы ісәрекеті. Сөзбен немесе физикалық күш көрсету арқылы ықпал ету.
БЕЙІМДЕЛУ — ағзаның қоршаған ортаға қарай құрылысының және қызметінің орнауы.
АДЕПТ — белгілі бір ілімнің қызғаншақ субьектісі.
ӘКІМШІЛІК — белгілі бір мекемені немесе ұжымды басқаратын, жетекшілік ететін қызмет тұлғалары.
АНТАГОНИЗМ — бітімге келмейтін қарама қарсылық .
АНТАГОНИСТ — бітімге келмейтін антогонистікке негізделген қақтығыстың бір жағы. АЛЬТРУИЗМ — басқа дамдардың жағдайы туралы ойлап, өзінің жеке көзқарастары үшін құрбан етуге даярлық.
АМБИВАЛЕНТНОСТЬ — бір объектінің бір адамда бір уақытта мысалы, сүіспеншілік пен антипатия тудыратын екі жақтылық.
АНТИПАТИЯ — сүіспеншілікке қарама қарсылық, жағымсыздық сезімі.
АНТИСЕМИТИЗМ –еврейлермен жаулық қатрым қатынаста көрінетін ұлттық және діни шыдамсыздық.
АПАТИЯ – қоршаған ортаға жне өзінің көзқарастарының эмоционалды пассивтілігі.
АРБИТР — қақтығыстарды реттеуде қақтығыстарды реттеуде оппоненттедің қолданатын үшінші жағы.
АРБИТРАЖ — арбитрге арналған даулы мәселерді шешу әдісі.
АФФЕКТ — адам үшін өмірде қажетті адаммен байланысты болатын қысқа мерзімді немесе күшті эмоционалды жағдай. Аффектінің негізінде адамның ішкі қақтығыстық жағдайын білдіретін ішкі дүниесі жатыр.
АФФИЛИАЦИЯ — адамның қоғамның басқа адамдарының қатарына кіруге ұмтылысы. стремление человека быть и обществе других людей.Аффилиацияның үрдісі индивидті стресстік жағдайға тарқан кезде ғана өсе түседі. Белгілі жағдайларда стрестің салдарын жұмсартып, қорқыныштың төмендеуіне әкеледі.
ТҰЛҒАЛАР ІШІНДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР — тұлғалардың ішкі құрылымының жағдайының өз қөзқарастарының, мақсаттар мен мотивтері мен тілектерінің қанағаттанбауының салдарынан туындайтын жағдай. Кез келген тұлғалық қақтығыстеріс эмоцияларға толы болады.
ТҰЛҒАЛЫҚ ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАР - екі немесе одан да көп адамдардың жеке байланыстары мен іс әрекеттерін өзгертудегі байланыстары.
ЫҒЫСТЫРУ — ішкі қақтығыстан «психологиялық қорғаныш» түрлдерінің бірі, нәтижесінде индивидке қолданылатын ықпал ету.
ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ШЕКАРАСЫ — қақтығыстарға қатысушылардың саны, оның территориясы мен ұзақтығына байланысты шеңбері мен ортасы.
ГИПНОЗ — жеке бақылау мен өзін өзі тануды ығыстыра тұратын адамның уақытша сипаты.

ГРУППА ДИФФУЗНАЯ — құндылықтықориентациялық бірігушіліктің жоқтығың оның қатысушыларының біргіуінің жоқтығы.
ФОРМАЛЬДІ ЕМЕС ТОП (ресми емес) — прагматикалық пайдасы үшін өзінің көзқарастарын жүзеге асыру үшін ерікті түрде біріккен, заңи статусы жоқ әлеуметтік қауымдастық.
РЕСМИ ТОП (формальді) — заңды статусы бар, мүшелерінің нормативті бекітілген құрылымы мен жетекшілері бар, құқытары, міндеттері бар әлеуметтік қауымдастық.
РЕФЕРЕНТТІ ТОП — индивидтің өзінің іс әрекетінде нормалар мен құндылықтарға бағытталған іс әрекеті бар әлеуметтік қауымдастық.
ДЕВИАНТТЫ ІС ӘРЕКЕТ (ҚАРСЫЛЫҚ ІС ӘРЕКЕТІ) – қоғамда қабылданған құқықтық және мінез құлықтық нормаларға қарама қарсы бөлек іс әрекеттердің жүйесі. Девиантты іс қимылдың негізгі түрлері қылмыс, аморальды іс әрекет, маскүнемдік.
ДЕПЕРСОНАЛИЗАЦИЯ — «МЕН» дегеннің жоқтығы, тұлғаның өзінөзі тануының өзгерісі және азап шегуі.
ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ — қақтығыстарды оның мәнін, мазмұнын, оның қызметтері мен сипаттарын суреттеу мақсатында қақтығыстарды зерттеу
ҚАҚТЫҒЫС ДИНАМИКАСЫ — негізгі кезеңдері мен этаптарын біріге қарастыратын қақтығыстардың дамуы.
ДИСТРЕСС — индивидтің қызметіне стресс арқылы теріс ықпал ету.
ЕРЕУІЛ — саяси, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы талаптарды қанағаттандыру мақсатында жұмыстан бас тарту, немесе регламентті жұмыста қысқарту.
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚРҒАНЫШ – тұлғалар арасындағы қақтығыстар туындатқан тұлғаның қорқыныш сезімінен арылтуға бағытталған тұрақтандырудың реттеушілік жүйесі. Психологиялық қорғаныш мынадай механизмдермен көрініс табады: баып жанщу, қарсы тұру, сублимация, сублимация, проекция, идентификация и других.
ИНЦИДЕНТ — екі жақтың ашық қарама қарсылықтылығын сипаттайтын ашық қақтығысының динамикасындағы бастапқы кезең.
КАТАРСИС — қақтығыстың невроткалық себебінің бірі және аффект жағдайынан арылу.
КОЛЛИЗИЯ — қарама қарсы көзқарастардың қақтығыстары, ұмтылыстар мен көзқарастардың қарсылығы; бір мемлекеттің заңдары ішіндегі қарама қайшылық.
ҚАҚТЫҒЫС — әртүрлі мотивтегі, мақсаттар мен көзқарастарға бағытталған, соларды жүзеге асырудағы қарсылықтар.
ЛАТЕНТТІ ҚАҚТЫҒЫСТАР — оппоненттердің ашық іс қимылы көрінбейтін қақтығыстың дамуындағы алғашқы кезең, жабық түрі.
КОНФРОНТАЦИЯ — әртүрлі қақтығыстардың көзқарастар мен мақсаттардың қарама қарсы қойылуы
ДАҒДАРЫС — жағдайдың қақтығыстардың өткірлігінің тез күрделенуінен кейінгі сапалық өзгерісі.
КӨШБАСШЫ -өзінің беделі арқылы кез келген жағдайларда шешім қабылдай алатын, артына адмадарды ертіп, жинақтай алатын топ мүшесі.
МЕДИАТОР — қақтығыстағы делдал
МЕДИАЦИЯ — қақтығысқа қатыспайтын үшінші жақтың іс әрекеті.
ТОП АРАСЫНДАҒЫ ЖІКТЕУ — қақтығысқа әкеліп соғатын топтар мен басқа топтар арсындағы айырмашылықтарды орнату.

ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР — адамдар арасындағы біріккен қызмет немесе қатынас процесінде олардың мінез құлқы мен өзара ықпал етуінде сипатталатын байланыс.
ЗОРЛЫҚ - индивидке немесе топқа байланысты құштеудің кез келген түрі: қақтығысты шешудің әдістерінің кез келген түрі.
НЕВРОЗЫ — негізінде невротикалық қақтығысты туындататын жүке психологиялық ашуланудың кең таралған түрі.
НЕВРОТИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫС – тұлғалар арасындағы сәтсіздік сезімі туындатқан уайымдаудыі әсерінен болған қарама қайшылықтардың тиімсіз шешімі.
НЕГАТИВИЗМ — субьектінің басқа адамдардың талап етуімен пайда болған мотвсіз іс әрекеті.
ӨШПЕНДІЛІК —индивидтің, өзінің көзқарастары мен құндылықтарына қарама қарсы бағытталған жағдайдағы сол объектілерге тұрақты теріс сезімі.
ҚАҚТЫҒЫС ОБЪЕКТісі — материалдық, әлеуметтік, саяси және рухани құндылықтар, соған байланысты екі жақтың оны пайдалану және иемдену мақсатында қарама қайшылық жағдайы туындайды.
ӘЛЕУМЕТТІК ҰЙЫМ — индивидтер мен топтардың ортақ және бағдарламалар мен көзқарастар үшін іс әрекет ететін дифференциалды және өзара тәртіпке келтірілген бірігуі.
ПАРОКСИЗМ — белгілі бір эмоцияның немесе уайымның өткір формасы (мысалы, қорқыныш, ашу, ыза).
КЕЛІССӨЗДЕР — қақтығыстарды шешу үшін екі жақтың тиімді және бірігу әрекеті.
АГРЕССИВТІ ІС ӘРЕКЕТ — субъектінің біреуге шығын келтіру мақсатында күш және қорқыту әдісін қолдану демонстрациясын сипаттайтын адамның іс әрекетінің формасы. ДЕЛДАЛ — қақтығыстағы оны талқылау мен шешуді қамтамасыз етуге шақырылған үшінші жақ, алайда делдал өзі шешім қабылдай алмайды.
ҚАЖЕТТІЛІК — индивидтің әрі қарай өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті объектілерге ұмтылысы, иемдену сезімі.
ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ПӘНІ — қақтығыстың негізінде жатқан қарама қайшылық.
ПРЕЛИМИНАРИИ — алдын ала болжанған келіссөздер мен келісімдер, қарапайымдандырылған шешімдер.
ӨЗЕКТІ ЖАҒДАЙЛАР — тұлға мен топтың қызметі дамитын қарама қайшылықтары бар бір жақты шешімдерің қарсылықты жағдайы.
ПРОТЕКЦИОНИЗМ (әлеуметтік психологиялық аспект) — қолында билігі бар біреудің тұлғаға немесе топқа қорғаныш болуы. Протекционизм авторитарлы қысымға көнгіштікке дайындыққа, конформизм мен жағымпаздыққа, артықшылықтары бар топтардың пайда болуына әкеледі. Протекционизмнің салдары топтың психологиялық климатына теріс әсер етіп, ол әлеуметтік әділдікпен жанаспайтын болғандықтан кикілжіңге әкеліп, қақтығысты туындатуы мүмкін.
ПСИХИКАЛЫҚ РЕАБИЛИТАЦИЯ — тұлғаның психикалық және қызметінің бұзылуына байланысты оын қалыптастыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік шаралардың жүйесі.
ПСИХОЗ — нақты әлемднің көрінісін көруде психиканың бұзылуы, қоршаған ортаға деген қатынасының, іс әрекетінің бұзылуы.
ПСИХОПАТИЯ — субъектіде байқалатын мінез құлықтың патологиясы, ол қоршаған ортаға бейімделуіне жол бермейді.

ОППОНЕНТ РАНГІСІ — қақтығыстағы өз көзқарастары мен мақсаттарын көрсету мүмкіндігінің деңгейі, потенциалы.
РЕВОЛЮЦИЯ — қоғамның әлеуметтік саяси құрылымын түбірімен өзгертетін төңкеріс. Кез келген төңкерістің түбірлі мәселесі мемлекеттік билік туралы мәселе.
РЕЛАКСАЦИЯ — субъектінің ұзақ уақыттағы физикалық және уайымдық іс әрекетінен кейінгі тыныштыққа өтуі, көшуі.
РОЛЬ — топта немесе қоғамда адамның статуына қарамастан қабылданған нормаларына сай келетін субъектінің қызметі.
ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ — тұлғаның өзінің мүмкіндіктері мен сапасы, қасиеттері, орнына байланысты бағалауы. Өзін өзі бағалау тұлғаның іс әрекетін реттеуде маңызды болып табылады.
АР ОЖДАН — өзі істеген әрекеттеріне баға беретін тұрақты және өзін өзі бақылау, мінез құлықтылық пен міндеттерді жүзеге асырушылықтың мүмкіндігі . с
БӘСЕКЕЛЕСТІК — өзінің көзқарастарын сипаттайтын қақтығыстағы оппоненттің іс қимылының стратегиясы.
ӘРІПТЕСТІК — шешімдерді бірігіп іздестіруде оппоненттің қақтығыстағы іс әрекетінің стратегиясы.
ӘЛЕУМЕТТЕНУ— индивидттің әлеуметтік тәжірибені әртүрлі формада қарым қатынас және қызмет ету барысында өзіне сіңіру процесі.
ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ —топатр мен адамдардың іс әрекеті мен қызметінің заңдылықтарын зерттеп, соларға психологиялық мінездеме беретін психологияның бір саласы.
СТАТУС — субъектінің қоғам мен топта құқықтары мен міндеттерін анықтайтын субъектінің жағдайы.
ӘЛЕУМЕТТІК СТЕРЕОТИП — топтың, адамның, оқиғалардың тұрақты және жеңілдетілген образы.
ҰЯТ СЕЗІМІ — адамның қоғам талап еткен іс әрекетіне нақты нәтиже бере алмауына байланысты пайда болған өзіне өзі көңілі толмау эмоциясы, өзін өзі кінәлау.
СУБЛИМАЦИЯ — тұлғалық қақтығыс жағдайында индивидке қолданылатын психиканың инстинкті формасы, қауіп қатерді алып тастау.
СУИЦИД — жан дүниенің күшті қиналысының немесе психикалық аурудың ықпалымен өзіне өзі қол жұмсау актісі.
ТЕРРОР — күш көрсету, зорлықты пайдалана отырып, қыру әрекеті
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ — 1) басқа біреудің сенімдері мен идеяларына, көзқарастар мен дәстүрлерге, өмір салтына шыдамдылық көрсету. 2)Жағымсыз факторға ракциясының болмауы немесе әлсіреуі.
ТОТАЛИТАРИЗМ — бір жетекші басқаратын әскери бюрократиялық аппараты бар, қоғамның толықтай бақылауға алынып, бағынуы, саяси күштеу жүйесі.
ҮШІНШІ СУДЬЯ — оппоненттер үшін шешімдері міндетті болып табылатын қақтығыстағы үшінші жақ.
ФОБИЯЛАР — адамның белгілі бір жағдайда себепсіз қорқыныштар мен уайымдардың жиынтығы. Фобиялар невротикалық қақтығыстар шеңберінде кездеседі.
ФРУСТРАЦИЯ — белгілі бір мақсатқа бағытталған іс әрекеттің жабылуы, сәтсіздіктерге уайымдау.

МАҚСАТ — тұлғаның іс әрекеті бағытталған болжанатын нәтиженің образы.
ҚҰНДЫЛЫҚТАР - адамның қоршаған ортаны бағалаы үшін идеологиялық, саяси, моралды және тағы басқа негіздер.
ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ — қақтығыстың қарапайымнан күрделіге өтіп, біртіндеп даму процесі.
ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ЭСКАЛАЦИЯСЫ — оппоненттер арасындағы қарама қайшылықтардың күрделен түсуімен белгіленетін қақтығыстық іс әрекеттердің күрдедене және өткірлене түсуі.
ЭТНИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР - этникалық белгілері арқылы топтарды бөліп қарасыру нәтижесінде пайда болған топтар арасындағы қақтығыстың түрлері

2.5. Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Международные конфликты. –М,. 1972
2. Доронина Н. И. Международный конфликт. –М,. 1981
3. Цыганков П. А. Международные отношения. –М,. 1999
4. Здравомыслов А. Г. Социология конфликта. — М.: 1996
5. Дмитриев А. В. Конфликтология. М. 2000
6. Данакин И., Дятченко Л. Технология разрешения социальных конфликтов. (Спецкурс). Социс. 1993, 9.
7. Чумиков А. Управление конфликтом и конфликтное управление как новые парадигмы мышления и действия. Социс, 1995, 3. С. 52.
8. Насырова В.Посредничество в урегулировании правовых споров в США. Государство и право, 1997,5.

9.Котляров И. И. Междунардно-правовое регулирование вооруженных конфликтов. Уч. Пособие. -М,. 1984

10.Лебедев М. М. Политика урегулирования конфликтов. -М,. 1997

11.Мелков Г. М. Международное право в перид вооруженных конфликтов. Учебное пос. -М,. 1972

12.Полторак А. И. Савинский Л. И. Вооруженные конфликты и междунардное право: Основные проблемы, -М,. 1976

13.Примаков Е. М. Анатомия ближневосточного кризиса. -М,. 1978

14.Глухова.А.В. Политические конфликты. Консенсус и политические методы его достижения//Государство и право. 1993. №6

15.Здравомыслов А. Г. Социология конфликта. М.1996

16.Запрудский Ю.Г. Социальный конфликт. Ростов н/Д.:1992.

17.Избранные труды по методологии науки. — М., 1986.

18. Ессам Абоу Салем. Современные конфликты и их способы урегулирования. Кишинев , 2006.

19. Козер Л. Функции социального конфликта. М.2000

20.Лебедева М.М. Политические регулирование конфликтов: Подходы, решения, технологии. М.1999

21.Социальный конфликт: современнные исследования. М. 1991

22.Социальные конфликты в современном обществе. М.1993

23.Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание, Личность.М.1975.С.

24.Мастенбрук В. Переговоры. Калуга. 1993 .

25.Бородкин Ф. М., Коряк Н.М. Внимание: конфликт! Новосибирск: Наука. 1984. - С. 102 -103.

26.Ладанов И. Д. Управление стрессом.-М., 1989. – С. 126 – 127.

27.Социологический словарь. — Минск. 1991. -С. 80. С. 6.

28.Уткин Э. А. Конфликтология. — М.: Экмос. 1998. -С. 4.

29.Козырев Г. И. Введение в конфликтологию.Владос. 1999.С. 144.

30.Психология и этика делового общения./Под. ред. В.Н. Лавриненко. -М. 1997. -С. 255- 256.

Қосымша:

1. Устав ООН. – М ., 1980
2. Абашидзе А. Х., Ананидзе Ф. Р. Правовой статус меншинств и коренных народов: международно-правовой анализ.-М,. 1997
3. Кисилев В . И. Палестинская проблема в международных отношениях: региональный аспект, -М,. 1988
4. Лебедев М. М, Хрусталев М. А. Основные тенденции в зарубежных исследованиях международных переговоров// МЭМО. -1989. -№9 Международные конфликты. -М,. 1972
5. Лоуи Т. Глобализация, государство, демократия: образ новой политической науки // Политические исследования. 1999. №5. С. 110-111.
6. Бурдъе П. Социология политики. М., 1993. С. 227.
7. Бжезинский 3. Соединенные Штаты превыше всего (Международные последствия 1989 года) // Независимая газета. 24.11.1999. С. 8.
8. ДаймондЛ. Прошла ли «третья волна» демократизации? // Политические исследования. 1999.
9. Политическая наука: новые направления / Под ред. Р. Гудина и Х.-Д. Клингеманна. М., 1999.
10. Иноземцев В. Л. Социальное неравенство как проблема становления постэкономического общества // Политические исследования. 1999. № 5. С. 28.
11. Уолцер М. О. терпимости / Пер. с англ. яз. И. Мюрнберг. М.: Идея-Пресс, 2000. С. 115.Там же. С. 118.
12. Дарендорф Р. Размышления о революции в Европе // Путь. Международный философский журнал. 1994. № 6. С. 76.
13. Пшизова С. Н. Указ. соч. С. 13-14.
14. Пшизова С. Н. Указ. соч. С. 15.
15. Саква Р. Конец эпохи революций: антиреволюционные революции 1989-1991 годов // Политические исследования. 1998. № 5. С. 24-26.
16. Фейррабенд *П.* Избранные труды по методологии науки. - М., 1986. -С . 516
17. Гегель Г. В. Ф. Энциклопедия философских наук. Т. 1. Наука логики. М.: Наука. 1975 – С. 423.
18. Амелин В. Н. Сущность, структура и способы разрешения социальных конфликтов// Вестник МГУ. Серия12. 1991. №6
19. Герасименко И. Я. Юсупов Р. М. Анализ системного равновесия в конфликтных ситуациях. СПб. 1992

Пішімі 60х84 1/12
Көлемі 39 бет, 3,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.